ISSN 2958-5694 (Print)
ISSN 2958-5708 (Online)

Ғылым бар жерде - жеңіс бар!
Победа там - где наука!
Victory is where science is!

Ғылыми-білім беру журналы
Научно-образовательный журнал
Scientific and educational journal

Ұлттық Ұлан Академиясының
ХАБАРШЫСЫ

№2 (60) 2026

ВЕСТНИК
Академии Национальной
гвардии Республики Казахстан

BULLETIN
of the National Guard
of the Republic of Kazakhstan

КОКСНВО

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ»
ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
–
«ВЕСТНИК АКАДЕМИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 2 (60), маусым 2026 ж. **№ 2 (60), июнь 2026 г.**

Журнал 2011 жылдан шыға бастады Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының басылымы Бас редакторы полковник А.Қ. Тоқышев	Журнал издается с 2011 года Издание Академии Национальной гвардии Республики Казахстан Главный редактор полковник Токушев А.К.
Ғылыми-білім беру журналы **«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан»** Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпараттандыру комитетінде тіркелген, 28 қазан 2022 ж. № KZ73VPY00058079 куәлігі. Журнал ҚР ҒжЖБМ ҒжЖБССҚК әскери іс және қауіпсіздік бойынша негізгі қорытындыларды жариялауға ұсынған ғылыми басылым (2023 жылғы 28 сәуірдегі № 188 бұйрығы)	Научно-образовательный журнал **«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының ХАБАРШЫСЫ» – «ВЕСТНИК Академии Национальной гвардии Республики Казахстан»** зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, свидетельство № KZ73VPY00058079 от 28 октября 2022 г. Журнал рекомендован КОКСНиВО МНиВО РК для публикации основных результатов по военному делу и безопасности (Приказ № 188 от 28 апреля 2023 года)
Редакцияның мекен-жайы мен телефоны: 150009, Петропавл қаласы, Ж. Қизатов к., 6. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының академиясы. Әскери-ғылыми орталығы Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz Журнал жылына 4 рет шығарылады *Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді*	Адрес и телефон редакции: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6, Академия Национальной гвардии Республики Казахстан. Военно-научный центр. Телефон: (8 7152) 50-78-88, Тел./факс: (8 7152) 50-74-83; E-mail: Vestnik@ang.edu.kz Журнал выходит 4 раза в год *Мнения авторов не отражают точку зрения редакции*

Қазақстан Республикасы ҰҰ академиясының Хабаршысы
Вестник Академии НГ Республики Казахстан
Bulletin of the Academy of NG of the Republic of Kazakhstan

Бас редактор:
Тоқышев Артур Қалиақпарұлы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының бастығы, полковник
Бас редактордың орынбасары:
Альназиров Руслан Бейсекұлы, философия (PhD) докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясы бастығының орынбасары (ғылыми жұмысы жөніндегі), полковник
Жауапты хатшы:
Атығаев Жомарт Айтқұлұлы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясы әскери-ғылыми орталығының бастығы, полковник
Шығаруға жауапты:
Усеинов Мейрбек Мамбетович, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясы әскери-ғылыми орталығының редакциялық-баспа жұмыс қызметінің бастығы, подполковник

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
Ахметов Жұмабек Хатиоллаұлы, әскери ғылымдарының докторы, профессор, генерал-майор;
Корабельников Александр Андреевич, әскери ғылымдарының докторы, профессор, РФ еңбек сіңірген ғылым қайраткері, полковник (Ресей Федерациясы);
Булойчик Василий Михайлович, техника ғылымдарының докторы, профессор, полковник (Беларусь Республикасы);
Рустамбаев Мирзаюсуп Хакимович, заң ғылымдарының докторы, профессор, полковник (Өзбекстан Республикасы);
Серкпаев Мұхтар Өмірсерікұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, полковник;
Петрусевич Аркадий Аркадьевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Ресей Федерациясы);
Мырзалинова Алма Жәкімқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Махмудов Розмет Муратович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан Республикасы);
Василевский Валерий Борисович, әскери ғылымдарының кандидаты, профессор (Беларусь Республикасы);
Әбжанов Бауыржан Садықұлы, философия (PhD) докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), генерал-майор;
Батыров Марат Ескенұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полковник;
Плешаков Анатолий Андреевич, тарих ғылымдарының кандидаты;
Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы, медицина ғылымдарының докторы, профессор;
Корнилов Александр Александрович, әскери ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полковник;
Бектұрсынов Нұрбай Кеңесбекұлы, философия (PhD) докторы, полковник;
Алтынбеков Денис Шамильевич, философия (PhD) докторы, полковник;
Әбілмәжінов Алмаз Айтжанұлы, философия (PhD) докторы, подполковник;
Саркенқызы Ақмарал, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), майор;
Әлжанова Раушан Сайранқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), майор;
Иманов Амангелді Қалкенұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
Анцибор Елена Сергеевна, оқытушы-зерттеуші.

Техникалық редактор:
Ағатаева Дана Серікқызы.

Главный редактор:
Токушев Артур Калиакпарович, начальник Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, полковник
Заместитель главного редактора:
Альназиров Руслан Бейсекович, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), заместитель начальника Академии Национальной гвардии Республики Казахстан (по научной работе), полковник
Ответственный секретарь
Атыгаев Жомарт Айткулович, начальник военно-научного центра Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, полковник
Ответственный за выпуск
Усеинов Мейрбек Мамбетович, начальник службы редакционно-издательской работы военно-научного центра Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:
Ахметов Жумабек Хатиоллаевич, доктор военных наук, профессор, генерал-майор;
Корабельников Александр Андреевич, доктор военных наук, профессор, заслуженный деятель науки РФ, полковник (Российская Федерация);
Булойчик Василий Михайлович, доктор технических наук, профессор, полковник (Республика Беларусь);
Рустамбаев Мирзаюсуп Хакимович, доктор юридических наук, профессор, полковник (Республика Узбекистан);
Серкпаев Мухтар Омирсерикович, доктор исторических наук, профессор, полковник.
Петрусевич Аркадий Аркадьевич, доктор педагогических наук, профессор (Российская Федерация);
Мурзалинова Алма Жакимовна, доктор педагогических наук, профессор.
Махмудов Розмет Муратович, доктор педагогических наук, профессор (Республика Узбекистан);
Василевский Валерий Борисович, кандидат военных наук, профессор (Республика Беларусь);
Абжанов Бауржан Садыкович, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), генерал-майор.
Батыров Марат Ескенович, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор (доцент), полковник;
Плешаков Анатолий Андреевич, кандидат исторических наук;
Сартаев Жанбатыр Нуртаевич, доктор медицинских наук, профессор;
Корнилов Александр Александрович, кандидат военных наук, ассоциированный профессор (доцент), полковник;
Бектурсунов Нурбай Кенесбекович, доктор философии (PhD), полковник;
Алтынбеков Денис Шамильевич, доктор философии (PhD), полковник;
Абильмажинов Алмаз Айтжанович, доктор философии (PhD), подполковник;
Саркенқызы Ақмарал, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор (доцент), майор;
Альжанова Раушан Сайрановна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), майор;
Иманов Амангельды Калкенович, кандидат педагогических наук;
Анцибор Елена Сергеевна, преподаватель-исследователь.

Технический редактор:
Агатаева Дана Сериковна.

Editor-in-chief:

Tokushev Artur Kaliakparovich, Head of the National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan, colonel

Deputy Editor-in-Chief:

Alnazirov Ruslan Beisekovich, Doctor of philosophy (PhD), Associate professor, Deputy head of the National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan (for scientific work), colonel

Executive Secretary

Atygaev Zhomart Aitkulovich, Head of the Military scientific center, colonel

Responsible for release

Usseinov Meirbek Mambetovich, Head of the editorial and publishing service of the Military scientific center of the National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan, lieutenant colonel

EDITORIAL BOARD:

Akhmetov Zhumabek Khatiollaevich, Doctor of military sciences, professor, major general;

Korabelnikov Alexander Andreevich, Doctor of military sciences, professor, honored scientist of the Russian Federation, colonel (Russian Federation);

Buloychik Vasily Mikhailovich, Doctor of technical sciences, professor, colonel (Republic of Belarus);

Rustambaev Mirzayusup Khakimovich, Doctor of Law, professor, colonel (Republic of Uzbekistan);

Serkpaev Mukhtar Omirserikovich, Doctor of historical sciences, professor, colonel.

Petrusevich Arkady Arkadyevich, Doctor of pedagogical sciences, professor (Russian Federation);

Murzalinova Alma Zhakimovna, Doctor of pedagogical sciences, professor.

Makhmudov Rozmet Muratovich, Doctor of pedagogical sciences, professor (Republic of Uzbekistan);

Vasilevsky Valery Borisovich, candidate of military sciences, professor (Republic of Belarus);

Abzhanov Baurzhan Sadykovich, Ph.D., Associate professor, major general.

Batyrov Marat Eskenovich, candidate of pedagogical sciences, associate professor, colonel;

Pleshakov Anatoly Andreevich, candidate of historical sciences;

Sartaev Zhanbatyr Nurtaevich, Doctor of medical sciences, professor;

Kornilov Alexander Alexandrovich, candidate of military sciences, associate professor, colonel;

Bektursunov Nurbay Kenesbekovich, Ph.D., colonel;

Altynbekov Denis Shamilievich, Doctor of philosophy (PhD), colonel;

Abilmazhinov Almaz Aitzhanovich, Ph.D., lieutenant colonel;

Sarkenқyzy Ақmaral, candidate of philological sciences, associate professor, major;

Alzhanova Raushan Sairanovna, candidate of historical sciences, associate professor, major;

Imanov Amangeldy Kalkenovich, candidate of pedagogical sciences;

Antsibor Elena Sergeevna, research teacher.

Technical editor:

Agatayeva Dana Serikovna.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТЕОРИЯСЫ/ ТЕОРИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ/ THEORY OF NATIONAL SECURITY

Абжанов Ш.Х., Абдуалиев Б.Б., Бекентаев М.Т. Қазақстандағы жоғары лауазымды тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрылуы мен даму тарихы…… 8

Байманов А.А. Сыбайлас жемқорлықты жүйелеудің ғылыми тәсілдері: жіктелуі, типтері мен нысандары……..... 15

Белялов Р.Д. ИИ-ориентированные системы формирования когнитивной устойчивости военнослужащих как базовый элемент обеспечения национальной безопасности в условиях ментальных войн……..... 24

Ғаббасәлі Б.Ғ., Тилеубергенов Е.М. Экономические преступления и их влияние на национальную безопасность Республики Казахстан…… 31

Рюстемова Ж.А., Тайшыбаева А.С., Кабылбекова А.С., Мадалиев Т.П. Цифровизация экстремизма и терроризма как фактор дестабилизации национальной безопасности..... 39

Сагидолдин Б.Т., Есенбаев К.К., Исабеков С.С. Жұмылдыру кезеңінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзет қызметінде кадрлық есеп жүргізуде ақпараттық жүйелерді қолданудың өзектілігі…….. 49

Тлеужанов Б.М., Кульбаев Ж.Ж., Онгаров Н.Б. Развитие цифровых технологий вопросы обеспечения безопасности государственных объектов…….. 55

Шидемов А.Г., Зулеева А.Ж., Матышова А.М. Незаконное изъятие и вымогательство оружия, боеприпасов и взрывчатых устройств как угроза национальной безопасности: правовой и криминологический анализ……. 62

ТАРИХ. ТАКТИКА ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ӨНЕР/ ИСТОРИЯ. ТАКТИКА И ОПЕРАТИВНОЕ ИСКУССТВО/ HISTORY. TACTICS AND OPERATIONAL LEVEL OF WAR

Акимбаев Е.Ж., Шапашев М.А., Абильмажинов А.А., Бельгибаев С.Т., Набиев Т.Р., Турлыбаев Р.К. Трансформация развития военных конфликтов в условиях религиозного экстремизма в регионе коллективной безопасности: превентивные меры и международное сотрудничество..... 80

Акшиков Т.Б. Система физической защиты важных государственных объектов в условиях новых вызовов и угроз…… 94

Байтлеуов Е.У., Добросельский М.В., Амантаев Т.С. Современное состояние OSINT и основные направления его развития…….. 101

Балтабеков А.С., Альжанова Р.С. Кризис управления, режима и кадровой политики в повседневности КАРЛАГа 1951–1953 годов по документам НКВД..... 105

Бейсенов Ж.Т., Ибраев К.Ш. Применение БПЛА самолётного типа, квадрокоптеров и fpv-дронов в инженерной разведке на поле боя…… 113

Беккер А.В., Кульбаев Ж.Ж. Связь в тактическом звене управления – главное оружие в современных конфликтах…….. 118

Бектурсунов Н.К. Қазақстанның Ұлы Отан Соғысы кезіндегі тарихының кейбір мәселелері……..... 125

Бенке А.А., Файзулин А.К. The role of nomadic civilizations in shaping the cultural heritage of Kazakhstan…… 140
Джуасов Д.Д., Дуйсебаев Б.Ж., Амантаев Т.С. Түркілер мен византия империясы: саяси және мәдени өзара ықпалдастық динамикасы…… 150
Есембаев М.С., Альназиров Р.Б. Служебно-боевая деятельность частей оперативного назначения внутренних войск Республики Казахстан на таджикско-афганском участке: исторический аспект…… 158
Жагалбайлы М.М., Сейтмаш С.Ә., Куанышбаев М.С. Разработка технических решений по созданию основных блоков технологических комплексов жизнеобеспечения…… 165
Зейдалиев К.М., Шеркенов Е.З., Акшиков Т.Б. Опыт развития и применения национальной гвардии США, Турции, РФ, Украины и Узбекистана…….. 172
Мульдинов Р.С., Алтынбеков Д.Ш., Мульдинова Э.С., Аржаков В.В. Дағдарыс жағдайлары туындаған кезде әскери жедел резерв құрамындағы іс-қимылдар үшін әскери қызметшілерді дене шынықтыру даярлығы……. 187
Рыскулбеков А.И., Саутбаев Д.Б. К вопросам морально-психологического обеспечения специальных операций в Национальной гвардии Республики Казахстан……. 193
Сагнайқызы С., Жумабаева К.Ж., Токсанова М.Б. Военно-силовое обеспечение государственной политики в Казахстане (1928–1932 гг.): Внутренние войска ОГПУ как предшественник войск правопорядка…… 199

ТЕХНИКА ЖӘНЕ ҚАРУ-ЖАРАҚ. ӘСКЕРИ ТЫЛ/ ТЕХНИКА И ВООРУЖЕНИЕ. ВОЙСКОВОЙ ТЫЛ/ TECHNOLOGY AND ARMAMENT. WAY TALK

Алтынбеков Д.Ш., Гончаров А.Г. Модели оптимизации структуры финансового хозяйства воинской части…….. 211
Ахметжанов А.С., Галиев В.Н., Шаяхметов К.С. Возможные изменения ключевых особенностей в системе ремонта техники в подразделениях Национальной гвардии Республики Казахстан……. 218
Волков Б.В., Мурталимов Ш.Р. Усовершенствование проверочной мишени для приведения винтовки СВД к нормальному бою…….. 223
Гончаров А.Г., Онгаров Н.Б. Предотвращение финансово-хозяйственных правонарушений в воинских частях Республики Казахстан: риск-ориентированный подход. 226
Зикирьяев Н.Б. Увеличение точности высотометрии в БПЛА путём комплексного подхода к измерению высоты……... 232
Кожахметов Д.Т. Инновационная стратегия цифровой трансформации подготовки специалистов тыла Национальной гвардии……... 239
Кусаинов А.Б., Альменбаев М.М., Макишев Ж.К., Захаров И.А., Максимов П.В. Автоматизация процесса выбора ближайших источников противопожарного водоснабжения при возникновении крупных пожаров…… 246
Никитенко Д.В., Сайфудинов Р.К. Совершенствование методики и повышение результатов стрельбы из пистолета…… 254
Сайфудинов Р.К., Мусин М.А., Кутняк Р.А. Теоретико-аналитические основы организации и развития тактико-огневой подготовки в условиях трансформации характера вооруженных конфликтов…….. 259
Татагулов Е.А., Габдуллин А.А., Макин А.М., Поповский С.А., Минченко Л.А. Роль технического обеспечения в современных локальных конфликтах стран Ближнего Востока……. 268
Эчин В.Е., Салий С.М., Рахметжанов А.А. Критерии эффективности перспективной системы инженерно-технического оборудования государственной границы Республики Казахстан…….. 274

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ/ ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ/ THEORY AND METHODOLOGY OF EDUCATION AND UPBRINGING

Абильдаев А.Р. Система военно-профессиональной ориентации молодёжи в США: институциональная структура и механизмы реализации…… 283
Альжанова Р.С., Анцибор Е.С. Historical memory as an object of educational work in the system of language training…… 292
Аширбеков Ж.А., Султанбеков Ж.Г., Алибеков А.Т. Перспективы внедрения модели подготовки операторов БПЛА в составе малых боевых расчетов в Национальной гвардии Республики Казахстан…… 298
Гришманов Р.В., Белялов Р.Д. The system of implementation of the didactic process on physical training at the university…….. 307
Даркулов К.Т., Аширбеков Д.Р. Жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың тиімді құралдары…….. 310
Имажанова Г.С., Садыкова А.Е. Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық ЖОО-дағы педагогикалық өзара іс-қимыл..... 319
Имиров С.К. Инновационная педагогическая модель формирования правовой культуры у курсантов военных вузов: концепция, методы и цифровые решения…….. 325
Исалиева С.Т., Иманбаев Е.С. Организация работы с иностранными курсантами в высших военных учебных заведениях Республики Казахстан……. 337
Кабылбаев А.А. Жоғарғы білім беру саласындағы дене тәрбиесінің ұйымдастырылуы: проблемалар мен оны шешу жолдары…….. 350
Кашкарбаев Б.А., Бутаев Н.Е., Бекишев Е.Ж., Атыгаев Ж.А. Лаборатория морально-психологического обеспечения как элемент педагогического технопарка военного ВУЗа…….. 356
Койшигарина Г.М., Кашкарбаев Б.А. Әскери-азаматтық қатынастардың әдіснамалық негіздері туралы мәселеге…… 364
Койчыкулов К.Ж., Кадиркулов Ш.К., Баталыгин И.А., Елубаев С.А., Бопеев Т.М. Применение многофункционального имитационного учебно-тренировочного комплекса в военных учебных заведениях…… 370
Кузьменко Д.М., Нусупов М.Т. Исследования антропометрических показателей, двигательной подготовленности и их важности в борьбе самбо…… 380
Логвиненко Д.В., Атыгаев Ж.А. Развитие цифровых и педагогических компетенций преподавателя военного вуза в условиях педагогического технопарка…….. 387
Сабыржанов Е.Ж., Шакиров Е.Е., Амантаев Т.С. Қазақ және түрік грамматикалық айырмашылықтары әскери терминологияда……. 397
Серов И.А., Туртаев А.К. Аддиктивное поведение среди курсантов военных вузов: сравнительный анализ и международный опыт..... 405
Тажибаева С.О., Файзулин А.К., Куленов Е.Р. Климаттық теңсіздік: түп-тамырлары, ауыртпалық және әлеуметтік теңсіздік саясаты…… 420

ҰЛТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТЕОРИЯСЫ/ ТЕОРИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ/ THEORY OF NATIONAL SECURITY

ӘОЖ 355.01

Ш.Х. АБЖАНОВ[1], Б.Б. АБДУАЛИЕВ[2], М.Т. БЕКЕНТАЕВ[3]

[1] докторант, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, полковник, Астана қ.

[2] докторант, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, полковник, Астана қ.

[3] докторант, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, полковник, Астана қ., E-mail: maratbekentayev@gmail.com.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

Мақала Тәуелсіз Қазақстанның күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрылуы мен даму жүйесінің тарихи аспектілерін зерттеуге арналған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап және қазіргі таңға дейінгі мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу кезеңдері қарастырылады.

Осы мақаланың материалдары күзетілетін тұлғалар мен күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, құқықтық, ұйымдастырушылық, жедел-іздестіру және техникалық шараларының жиынтығын біріктіретін мемлекеттік күзет жүйесі аясындағы қаруланған жауынгерлер отрядынан бастап, шаралардың кең кешеніне дейінгі ел басшыларының күзет жүйесінің даму кезеңдерін қадағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің, ұлттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі буыны ретіндегі рөліне ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасының Президенті күзет Қызметі мен Республикалық ұланының қызметтерінің тарихи аспектілері мен жұмыс істеу ерекшеліктері талданған.

Түйінді сөздер: *қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстанның тәуелсіздігі, Президент күзет қызметі, Республикалық ұлан.*

Кіріспе. Мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының күзеті – ежелгі мемлекет басшыларының жеке күзеті отрядынан бастап, тактикалық дайындықты, барлау деректері мен технологияларды біріктіретін қазіргі арнайы мемлекеттік органдарға дейінгі күрделі әрі ұзақ тарихы бар институт.

КСРО ыдырағаннан кейін, жаңа мемлекеттер қатарының қорғаныс құрылымдары, тәуелсіз билік институттарына бейімделе отырып, бұрынғы ведомстволар негізінде (мысалы, МҚК бөлімшелерінде) қалыптастырылды. Қазақстанда президенттік күзет дәстүрі 1990 жылдардан бастау алады: осылай,

Президенттік күзет пен Республикалық ұлан тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында құрылған. 2014 жылы Республика Президентімен қайта құру жүргізілді: Президент күзет қызметі мен Республикалық ұланның негізінде, өзіне мемлекет басшысының күзеті, аса маңызды және арнайы мақсаттағы объектілерді күзету қызметін алған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі құрылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу материалдары ретінде тарихи очерктер, ғылыми журналдардағы жарияланымдар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі Мұрағатының аналитикалық материалдары пайдаланылды.

Зерттеу қорытындылары. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі тарихы КСРО МҚК 9-шы басқармасынан бастау алады. Осыған сәйкес, ҚР ПКҚ кәсіби қызметін ұйымдастырудың генеалогиялық алғышарттары ресейлік әдістемелерге ең жақын екендігі объективті түрде қалыптасқан.

Мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жетілдіріліп, және КСРО МҚК 9-шы басқармасының аясында әлемдегі ең тиімді арнайы қызметтерінің бірі болды.

Қазақстанның күзет бөлімшелерінің қалыптасуының жаңа кезеңдері Қазақ КСР басшыларын күзетумен байланысты. КСРО Кеңес Одағының Коммунистік партиясының Орталық комитеті Саяси бюросының мүшелері күзетілетін тұлғалар болды, оларды күзету КСРО МҚК 9-шы Бас Басқармасымен жүзеге асырылды.

20 ғасырдың 70-ші жылдары Қазақ КСР құрылымында Кеңес Одағының Коммунистік партиясының Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің 1-ші хатшысы Д.Қонаевтың күзетімен айналысқан 9-шы бөлім құрылды. 1986 жылы аталған бөлімше бірнеше жеке күзет офицерлерінің құрамында топ ретінде құрылымын өзгертті. Н.Ә. Назарбаев Орталық комитеттің бірінші хатшысы болып тағайындалған соң, Қазақ КСР МҚК 9-шы бөлімшесі құрылды [1].

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлемдік қауымдастыққа мүше болып, мемлекеттік басқарудың жаңа демократиялық қағидаттарына көшуімен байланысты, бұрынғы одақтық республиканың көптеген мемлекеттік басқару органдарын тәуелсіз мемлекеттің басқару органдарына қайта құру мәселесі көтерілді, ал кейбір құрылымдар мүлдем жаңадан құрылды.

Елдің жоғары басшылығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол уақытта МҚК құзыретіне кірді, бірақ Мемлекет Басшысы жеке құрылым құруды ұсынды, өйткені оның ойынша елде қауіпсіздік саласында да алпауыттар болмауы тиіс болды. Ел басшылығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, басқа мемлекеттік органдардан тәуелсіз жеке құрылым құру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігі мен басқаруының жоғары органдарының басшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, ҚР МҚК (бұрынғы Қазақ КСР МҚК 9-шы бөлімінің) негізінде ҚР Президентінің 1992 жылғы 6 ақпандағы №598-рс Өкімімен, ҚР Президент Аппараты

басшысына және ҚР Министрлер Кабинетіне бағынысты, арнайы әскери құрылым – Қазақстан Республикасының Президенті күзет Қызметі құрылды. Ары қарай Күзет қызметі Мемлекет басшысының тікелей бағынысына өтті.

Жаңа құрылымның қызметін қамтамасыз ету үшін, ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 сәуірдегі №403-2с қаулысымен ҚР МҚК қызметкерлері оларға қару-жарақ, оқ-дәрілер және басқа да әскери мүліктерді тапсыруға Президент күзет Қызметіне іссапарға жіберілді.

Генерал – майор Сергей Викторович Синицин Күзет қызметінің Бірінші бастығы болып тағайындалды.

ҚР Президент күзет қызметі өте қысқа мерзім ішінде құрылды және қалыптасты. Уақытты созуға мүмкіндік болған жоқ, қызметкерлер тәжірибені жұмыс барысында жинады деп айтуға болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу үдерісі жүріп, оның әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде өзін таныту кезеңінде. Мемлекет басшылығының халықаралық байланыстары қарқынды түрде орнатылып және шетел мемлекеттерінің басшыларының ресми сапарлары бірінен кейін бірі болып жатты. Қызмет ұжымы қатаң кестемен жұмыс істеп, қажетті тәжірибе мен дағдыларды жинады және шеберлігін ұштады. ҚР Президент күзет Қызметі қысқа мерзім ішінде, күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жеке жүйесін жасап, толыққанды дербес мемлекеттік құрылым ретінде құрылды [2].

Сонымен қатар, күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін күшейту, рәсімдік іс-шараларға қатысу, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін күзету, аса маңызды мемлекеттік объектілерінің күзеті үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 16 наурыздағы №673 «Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының құрылуы туралы» Жарлығымен Республикалық ұланының бригадасы құрылды.

1992 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерінің жедел бригадасының базасында Республикалық ұлан бригадасы құрылды, оны жасақтаумен полковник Жанасаев Б.Б. айналысты.

Қазақстанның Республикалық ұланы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ең мықты офицерлерімен жасақталды, олардың көбі бұрынғы КСРО түрлі түкпірлері мен Шығыс европа кеңес әскерінің топтары қатарынан оралды. Үміткерлерге жоғары талаптар қойыла отырып, Республикалық ұланға офицерлер, прапорщиктер мен шақырылым бойынша әскери қызметшілерді іріктеу мұқият және жан-жақты жүзеге асырылды.

1992 жылғы тамызда ЦСКА стадионында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа алғаш рет Республикалық ұлан үкіметтік күзеттің жасақталған батальоны, құрмет қарауыл ротасы мен үздік - үлгілік оркестр түрінде көрсетілді.

Осылайша, 1992 жылдың соңына қарай Республикалық ұлан, негізінен 134 адамнан құралған офицерлермен жасақталды. Негізін Кеңес Армиясында әскери қызмет атқарған офицерлер мен 1992 жылғы көктемгі және күзгі шақырылымның мерзімді 1000 адамнан тұратын әскери қызметшілері құрады.

Осы құраммен 1992 жылғы 16 желтоқсанда 28 Панфиловшы - батырлар саябағында, Республикалық ұланның мерзімді әскери қызметшілерінен Қазақстан Республикасының Президенті мен халқына адал қызмет етуге Әскери ант қабылданды. Әскери ант беру рәсіміне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен мемлекет қайраткерлері қатысты.

1992 жылғы 30 желтоқсанда Республикалық ұланның әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы Президентінің Алматы қаласындағы салынып жатқан ғимаратын тәуліктік күзетке қабылдады.

1993 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттің Елтаңбасының эталондары және Президент резиденциясының сыртқы күзеті тәуліктік күзетке қабылданды. Осыған байланысты жауапты және негізгі ауыртпашылық үкіметтік күзет батальонына түсті, өйткені объектілердің саны ақырындап көбейе бастады, кіші офицерлер құрамының жасақталмауы әсерін тигізді.

Әскери бөлімдерге Жауынгерлік тудың табыс етілуі, ұландықтардың өміріндегі айтулы оқиға болды. Президент Н.Ә.Назарбаев 2001 жылғы 11 шілдеде Астана қаласындағы 0112 әскери бөлімінің базасында, 0111 және 0112 әскери бөлімдерінің командирлеріне (полковник М.Т. Махатовқа және подполковник Б.С. Абжановқа) әскери ар-намыстың, ерліктің және даңқтың символы ретінде, әрбір әскери қызметшіге өз Отанына адал қызмет етіп, оны батыл әрі шебер қорғауды еске салу үшін Жауынгерлік туларды табыстады.

Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жауынгерлік Туларды табыстағанда, «осы ту астында сан ғасырлық әскери дәстүрлер дамиды» деген үміт білдірді.

Бар-жоғы екі жылдың ішінде, 1997 жылдан 1999 жыл аралығында ҚР Президент күзет Қызметі және ҚР Республикалық ұланы жаңа ел ордаға толықтай көшірілді [3].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі №807 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін бұдан әрі жетілдіру бойынша шаралар туралы» Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президент күзет Қызметі мен Қазақстан Республикасы Республикалық Ұланын біріктіру жолымен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасы Президент күзет Қызметі мен Қазақстан Республикасы Республикалық Ұланының қызметтерін атқаратын мемлекеттік орган ретінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі осы жылдар бойы жас мемлекетіміздің дамуы мен нығаюы аясында қалыптасты. Барлығы жаңадан басталған соң, кемшіліктер мен жетіспеушіліктер де болды. Бірақ әрдайым жаңаны танып, күнделікті қызметтік іс-әрекеттерге алдыңғылардың, басқа да арнайы қызметтердің жинаған тәжірибесін меңгеріп, енгізуге зор құлшыныс болды. Осы жылдар ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің мықты материалды – техникалық базасы құрылған, оқу үдерісі

қалыптастырылған және өзінің жедел - қызметтік іс-әрекетін реттейтін нормативтік базасы жасалған.

Жылдан жылға күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша күзет іс-шараларының ауқымдылығы мен саны арта түсті. Еліміздің әлемдік қауымдастықтағы халықаралық беделінің өсуі, республикадағы экономикалық және саяси реформаның жетістіктері, сәйкесінше Қазақстанға шетел мемлекеттері басшылары мен түрлі елдер үкіметтерінің ресми сапарларының санын көбейтті.

Қазіргі таңда Мемлекеттік күзет қызметі кәсіби даярланған кадрларға ие, заманауи техникалық және басқа да қажетті құралдармен қамтамасыз етілуі, мемлекетіміздің жоғары басшылығы мен басқа да күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алдына қойылған міндеттерін толыққанды шешуге мүмкіндік береді.

Президенттің және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер – Министрінен құралатын басқа да күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықты алдын - алу және жолын кесу бойынша міндеттерді шеше отырып, Мемлекеттік күзет қызметі мемлекеттік басқарудың тұрақты жұмыс механизмін қамтамасыз етуге тікелей қатысады.

Салыстырмалы түрде жас болуына қарамастан, Мемлекеттік күзет қызметі мінсіз бедел қалыптастырып, біздің ел азаматтары арасында ғана емес, шетелдік әріптестер алдында да зор сенімге ие болды.

Осы жылдар ішіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінің басты жетістігіне күзетілетін адамдарға қарсы заңға қайшы әрекеттерге жол бермеуін жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын Қазақстанға келген мемлекет және үкімет басшылары, Румыния, Беларусия, Қырғызстандағы әріптестер бірнеше рет атап өткен. Ресей Федерациясының кейбір субъектілері біздің тәжірибемізге қызығушылық танытып, оны қолдануда көмек сұраған. Бірақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі бір орында тұрмай, үнемі жетілдірудің жаңа үлгілерін ізденіс үстінде, шетелдің арнайы қызметтерінің озық тәжірибелерін үйренеді [4].

ҚР МКҚ қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жауапкершілік деңгейіне, аталған органға үміткерлерді іріктеу бойынша қатаң критерийлерді талап етілуінің негіз болғандығын атап айту керек. Одан бөлек, жоғары физикалық көрсеткіштерінен басқа, үміткерлерді іріктеу кезінде ақыл-ойына, оның кең дүниетанымына, қоршаған ортаны дұрыс бағалай білуі мен болып жатқан жағдайларға объективті баға беру қабілеттігіне көп көңіл бөлінеді.

Жеке құрамның барлығы қоян-қолтық ұрысты, ату, дене даярлығы, тау - шаңғы дайындығы, атпен жүру және суда жүзу курстарынан тұратын міндетті арнайы дайындықтан өтеді. Олар кез-келген уақытта, кез-келген жедел жағдайда

болмасын күзетілетін тұлғаны физикалық қорғай білуге дайын болулары қажет.

Қызметкерлердің республиканың күш құрылымдары мен ТМД қатысушы мемлекеттердің арнайы қызметтері арасында қолданбалы спорт түрлерінен әртүрлі жарыстардағы жеңіс нәтижелері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби даярлығының жоғарғы деңгейінің көрсеткіші болып табылады [5].

ҚР МКҚ қызметкерлері мен әскери қызметшілері, күзет іс-шараларын өткізу кезінде шетел қонақтарының ішінде күзетілетін адамдары тарапынан, олардың жоғарғы қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз еткендігін ескеріп, көптеген рет алғысқа ие болды.

Бұл жағдайда ұрпақтар арасындағы үздіксіз байланыс маңызды рөл атқарады. Ардагерлер өздерінің тәжірибесі мен білімін ізін басып келе жатқан қызметкерлер мен әскери қызметші ұрпақпен жомарттықпен бөліседі, ал олар өз кезегінде Мемлекеттік күзет қызметіндегі қызметтік мансабын енді бастаған жас буынды оқытады.

Қорытындылар. Өз жұмысында заңдылық, гуманизм, адам құқықтары мен кәсіптік этиканы құрметтеу, дара басшылық принциптерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі өзінің алдында тұрған міндеттерді басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және жекелеген азаматтармен өзара бірлесе отырып шешеді.

Қызметтің іс-әрекеті Мемлекет басшысы мен басқа да күзетілетін тұлғалардың қауіпсіз және кедергісіз қызмет жүйесін құру арқылы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін нығайтудағы аса маңызды және шешуші факторлардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ш.Х. Абжанов, Б.Б. Абдуалиев, М.Т. Бекентаев. Орталық Азия көшпенді мемлекеттік құрылымдары көшбасшыларының оққағар институтын дамытудың тарихи аспектілері // «Ұлттық Ұлан Академиясының Хабаршысы» Ғылыми-білім беру журналы, №4 (58) 2025, 204-212 б.

2 Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздік Қызметі: тарих және қазіргі заман / [Электрондық ресурс] / Кіру режимі: URL: https://www.sgork.

3 ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне 30 жыл толды [Электрондық ресурс] / Кіру режимі: URL: https://www.zakon.kz.

4 Дайджест по материалам международной научно-практической конференции: «Истоки казахской государственности от Джучи хана до современности»/ [Электронный ресурс] / Режим доступа: URL: https://www.nuo.edu.kz

5 Казахстанская полиция на службе у народа: история и современность / [Электронный ресурс] / Режим доступа: URL: https://www.newsroom.kz

REFERENCES:

1 Sh. Abzhanov, B. Abdualiev, M. Bekentayev. Historical aspects development of the institute of bodyguards' leaders of the nomadic state formations in Central Asia // «Bulletin of the National Guard of the Republic of Kazakhstan» Scientific and educational journal, №4 (58) 2025, 204-212 p.

2 The State Security Service of Kazakhstan: history and modernity / [electronic resource] / Access mode: URL: https://www.sgork.

3 The State Security Service of the Republic of Kazakhstan is 30 years anniversary / [electronic resource] / Access mode: URL: https://www.zakon.kz.

4 Digest based on the materials of the international scientific and practical conference: "The origins of Kazakh statehood from Jochi Khan to the present time "/[Electronic resource]/Access mode: URL: https://www.nuo.edu.kz.

5 Kazakhstan police for people's service: history and modernity/[Electronic resource]/Access mode: URL: https://www.newsroom.kz.

Ш.Х. АБЖАНОВ, Б.Б. АБДУАЛИЕВ, М.Т. БЕКЕНТАЕВ

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ И РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ВЫСШИХ ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ В КАЗАХСТАНЕ

Национальный университет обороны Республики Казахстан

Статья посвящена исследованию исторических аспектов становления и развития системы обеспечения безопасности охраняемых лиц Независимого Казахстана. Рассматриваются этапы формирования государственных структур, начиная с первых лет независимости и до современного периода.

Материалы данной статьи позволяют проследить этапы развития системы охраны руководства страны, от отряда вооруженных воинов в широкий комплекс мер, которые, в рамках системы государственной охраны включают в себя совокупность правовых, организационных, оперативно-розыскных и технических мер, направленных на обеспечение безопасности охраняемых лиц и объектов охраны.

Особое внимание уделено роли Службы государственной охране Республики Казахстан, как ключевого звена в системе национальной безопасности. Проанализированы исторические аспекты деятельности и особенности функционирования Службы охраны Президента и Республиканской гвардии Республики Казахстан.

Sh. ABZHANOV, B. ABDUALIEV, M. BEKENTAYEV

ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT HISTORY OF THE SECURITY SYSTEM FOR HIGH-RANKING OFFICIALS IN KAZAKHSTAN

National Defense University of the Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the research of the historical establishment and development aspects of the security system for protected persons in the Independent

Kazakhstan. It examines the establishment stages of the state structures from the early years of its independence to the present period.

The article's materials make it possible to trace the stages in the development of the system for protecting the country's leadership, from a relatively limited formation of the armed personnel into the integrated set of measures and within the framework of the state security system, they include a combination of legal, organizational, operational-investigative and technical measures aimed at ensuring the safety of the protected persons and all the secured facilities.

A special emphasis is given to the role of the State Security Service of the Republic of Kazakhstan as a core component in the national security system. The historical aspects of its activity and functional characteristics are analyzed, as well as the specific features of the Presidential Security Service and the Republican Guard of the Republic of Kazakhstan.

******

УДК 343.35

А.А. БАЙМАНОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің докторанты, әділет полковнигі, Астана қ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖҮЙЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕРІ: ЖІКТЕЛУІ, ТИПТЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қазіргі құқықтық ғылымындағы сыбайлас жемқорлықты жіктеудің теориялық тәсілдері қарастырылады. Сыбайлас жемқорлықтың мәні мен оның құрылымдық элементтерін зерттеуге арналған қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық көріністерін әртүрлі критерийлер бойынша жүйелеуге ерекше назар аударылады. Сыбайлас жемқорлық көріністерін жүйелеу Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін маңызды екендігі туралы қорытынды жасалды.

Түйінді сөздер: *сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлық квалификациясы, сыбайлас жемқорлық формасы, сыбайлас жемқорлықтың түрлері, мемлекеттік қызмет, антикоррупциялық саясат.*

Кіріспе. Қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігіне, әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығына және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейіне елеулі ықпал ететін ең күрделі әрі әлеуметтік маңызы жоғары әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың бірі ретінде қарастырылады. Сыбайлас жемқорлық

практикаларының таралуы мемлекеттік билікті іске асыру тетіктерінің бұрмалануына, заңдылық пен әділеттілік қағидаттарының бұзылуына, сондай-ақ жария институттардың қызмет ету тиімділігінің төмендеуіне алып келеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықты ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзектілігі осы құбылыстың табиғатын, оның көрініс беру тетіктерін және таралу факторларын терең теориялық тұрғыдан пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі зерттеулер сыбайлас жемқорлықты тек құқық бұзушылық ретінде ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық және институционалдық факторлардың ықпалымен қалыптасатын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде де қарастырады. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық үдерістерін жүйелі ғылыми талдау ерекше маңызға ие болады, өйткені ол олардың құрылымын, негізгі көрініс нысандарын және өзіне тән ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықтың құқықтық түсінігі Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың өздерінің қызметтік өкілеттіктерін және соларға байланысты мүмкіндіктерін өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сондай-ақ осындай адамдарды тиісті игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы сатып алу ретінде айқындалады [1].

Ғылыми әдебиетте сыбайлас жемқорлық көріністерінің алуан түрлі сипатқа ие екені және оның қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде саяси, экономикалық және әкімшілік қызмет аясында туындауы мүмкін екені атап өтіледі. Бұл жағдай оны жүйелеу мен ғылыми жіктеу қажеттілігін туындатады. Жіктеу тәсілін пайдалану сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі типтерін, нысандары мен түрлерін бөліп көрсетуге, олардың ерекшеліктері мен өзара байланыстарын айқындауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл шараларын неғұрлым тиімді әзірлеуге мүмкіндік береді [2].

Сыбайлас жемқорлықты жіктеудің маңызды теориялық және практикалық мәні бар. Бір жағынан, ол сыбайлас жемқорлық қатынастарының құрылымын және олардың қызмет ету тетіктерін тереңірек түсінуге ықпал етеді. Екінші жағынан, сыбайлас жемқорлық көріністерін жүйелеу мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруге, профилактикалық шаралардың тиімділігін арттыруға және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – сыбайлас жемқорлықты жүйелеуге қатысты қалыптасқан ғылыми тәсілдерді талдау және қазақстандық нормативтік-құқықтық актілер мен ғылыми зерттеулер негізінде сыбайлас жемқорлықтың жіктелуін, типтерін, нысандары мен түрлерін ашып көрсету. Қойылған мақсатқа

қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: сыбайлас жемқорлық ұғымының мәнін қарастыру, оны жіктеудің негізгі тәсілдерін айқындау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерінің типтерін, нысандары мен түрлерін ашып көрсету.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жіктеуді зерттеу осы әлеуметтік-құқықтық құбылыстың құрылымын неғұрлым толық ашып көрсетуге мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген тәсілдердің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде қолданылатын ғылыми танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері құрайды. Осы әдістерді кешенді түрде пайдалану сыбайлас жемқорлықтың жіктелуі, типтері, нысандары мен түрлері мәселесін жан-жақты қарастыруға, сондай-ақ оның қазіргі қоғамдағы көрініс беру ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, мемлекет және құқық теориясы саласындағы қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен сыбайлас жеморлыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттеу проблемаларына арналған зерттеулер пайдаланылды.

Негізгі бөлім. Қазақстандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне жүргізілген талдау сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында көрініс табатын және күрделі құрылымға ие көпқырлы әлеуметтік-құқықтық құбылыс екенін тұжырымдауға мүмкіндік береді (1-сурет).



1-сурет – Қазақстанның ғылыми әдебиетіндегі сыбайлас жемқорлықты жіктеудің негізгі бағыттары (негізгі өлшемдер бойынша)

Қазақстан Республикасының ғылыми әдебиетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі көп жағдайда оның мәнін және көрініс беру ерекшеліктерін дұрыс түсінуге байланысты екені атап өтіледі. Ғылыми әдебиетте кең таралған тәсілдердің бірі *сыбайлас жемқорлық қатынастарының қызмет ету деңгейіне* негізделген тәсіл болып табылады. Осы тәсіл шеңберінде зерттеушілер *төменгі деңгейдегі және жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлықты* бөліп көрсетеді.

Төменгі деңгейдегі сыбайлас жемқорлық негізінен азаматтардың мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерімен тікелей өзара іс-қимылы деңгейінде көрініс табады. Әдетте ол әкімшілік қызметтер көрсетумен, рұқсат беру құжаттарын ресімдеумен, анықтамалар алумен және қызметтік өкілеттіктерді ықтимал теріс пайдаланумен қатар жүретін өзге де рәсімдермен байланысты болады [3].

Жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлық, керісінше, мемлекеттік басқарудың неғұрлым жоғары сатыларында туындайды және стратегиялық маңызы бар шешімдерді қабылдаумен, мемлекеттік ресурстарды бөлумен және ірі экономикалық жобаларды іске асырумен байланысты болады. Мұндай сыбайлас жемқорлық көріністері саяси және экономикалық үдерістерге елеулі ықпал етуі мүмкін, бұл олардың қоғамдық қауіптілігінің жоғары болуын айқындайды [4].

Ғылыми зерттеулерде сыбайлас жемқорлықты қоғамдық қатынастар саласы бойынша жіктеу де елеулі маңызға ие. Осы тәсілге сәйкес *саяси, әкімшілік, экономикалық, тұрмыстық (төменгі деңгейдегі) және жүйелі сыбайлас жемқорлық түрлері бөлінеді* (1-кесте).

1-кесте — Сыбайлас жемқорлықтың негізгі типтері және олардың сипаттамасы

Сыбайлас жемқорлық типі	Сипаттамасы	Негізгі көріністері
Саяси сыбайлас жемқорлық	Мемлекеттік билікті жүзеге асыру және саяси шешімдер қабылдау саласында туындайды	Жеке мүдделерді лоббилеу, саяси қызметті заңсыз қаржыландыру
Әкімшілік сыбайлас жемқорлық	Мемлекеттік басқару органдарының қызметімен байланысты	Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, рұқсат беру құжаттарын заңсыз беру
Экономикалық сыбайлас жемқорлық	Шаруашылық және кәсіпкерлік қатынастар саласында көрініс табады	Мемлекеттік ресурстарды заңсыз бөлу, бизнесте заңсыз артықшылықтар алу
Тұрмыстық (төменгі деңгейдегі) сыбайлас жемқорлық	Азаматтардың мемлекеттік органдармен күнделікті өзара іс-қимылы барысында туындайды	Әкімшілік рәсімдерді жеделдету немесе қызмет көрсету үшін пара алу
Жүйелі сыбайлас жемқорлық	Әртүрлі институттарда сыбайлас жемқорлық практикаларының тұрақты таралуымен сипатталады	Мемлекеттік және жеке құрылымдар арасында тұрақты сыбайлас жемқорлық байланыстардың қалыптасуы

Саяси сыбайлас жемқорлық билік өкілеттіктерін жеке пайда табу немесе белгілі бір әлеуметтік топтардың мүдделерін ілгерілету мақсатында пайдаланумен байланысты. Ол мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерістеріне заңсыз ықпал етуден, саяси қызметті қаржыландырудан немесе жеке мүдделерді лоббилеуден көрініс табуы мүмкін [5].

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару органдарының қызметінде көрініс табады және басқарушылық функцияларды іске асыру барысында лауазымдық өкілеттіктерді заңсыз пайдаланудан байқалады. Ал экономикалық сыбайлас жемқорлық шаруашылық қатынастар саласында туындайды және кәсіпкерлік қызметте заңсыз артықшылықтар алумен немесе мемлекеттік ресурстарды заңсыз бөлумен байланысты болады [6].

Экономикалық сыбайлас жемқорлық шаруашылық қатынастар мен кәсіпкерлік қызмет саласында көрініс табады. Ол мемлекеттік ресурстарды заңсыз бөлумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде заңсыз артықшылықтар алумен, сондай-ақ материалдық пайда табу мақсатында қызметтік жағдайды пайдаланумен байланысты [7].

Ғылыми әдебиетте сыбайлас жемқорлықты сыбайлас жемқорлық қатынастары субъектілерінің құрамы бойынша жіктеу де қолданылады. Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлық көріністері сыбайлас жемқорлық өзара іс-қимылдарына тартылған адамдар шеңберіне қарай қарастырылады. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілер арасындағы сыбайлас жемқорлық, құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ бизнес пен кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлық бөлінеді. Мұндай тәсіл әртүрлі институционалдық ортадағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің ерекшеліктерін айқындауға және мемлекеттік басқарудың неғұрлым осал салаларын анықтауға мүмкіндік береді [8].

Сыбайлас жемқорлықты оның көрініс нысандары бойынша жіктеу де елеулі маңызға ие. Қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде сыбайлас жемқорлықтың неғұрлым кең таралған нысандары ретінде мыналар аталады [9]: парақорлық; лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; протекционизм; фаворитизм; мүдделер қақтығысы; қызметтік ресурстарды заңсыз пайдалану.

Аталған нысандардың әрқайсысы іске асырудың өзіндік тетіктерімен сипатталады. Мәселен, парақорлық мүдделі тараптың пайдасына әрекеттер жасау немесе шешімдер қабылдау үшін лауазымды адамға материалдық немесе өзге де игіліктерді беруді білдіреді. Ал протекционизм мен фаворитизм ресурстарды бөлу немесе лауазымдарға тағайындау кезінде жекелеген адамдарға негізсіз артықшылықтар беруден көрініс табады.

Ғылыми зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі сыбайлас жемқорлықты оның таралу ауқымы бойынша жіктеу болып табылады. Бұл жағдайда жеке-дара, институционалдық және жүйелі сыбайлас жемқорлық түрлері бөлінеді.

Жеке-дара сыбайлас жемқорлық лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың жекелеген жағдайларынан көрінеді. Институционалдық сыбайлас жемқорлық жекелеген мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың ішіндегі

тұрақты сыбайлас жемқорлық практикаларымен сипатталады. Ең қауіпті нысан ретінде мемлекеттік институттардың едәуір бөлігін қамтитын және мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесінің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін жүйелі сыбайлас жемқорлық қарастырылады [1].

Мемлекеттік басқарудың басқа салаларынан айырмашылығы, әскери жүйедегі сыбайлас жемқорлық көріністері әскери қызметтің сипатына, қатаң бағыныстылық жүйесіне және елеулі материалдық ресурстардың болуына байланысты бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие. Сыбайлас жемқорлық көріністері әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Оларды бірнеше негізгі өлшем бойынша жіктеуге болады: сыбайлас жемқорлық қатынастарының субъектілері бойынша, әскери қызмет саласы бойынша, алынатын пайданың сипаты бойынша және қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша (2-кесте).

2-кесте — Әскери саладағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің жіктелуі

Өлшем	Негізгі түрлері	Қысқаша сипаттамасы
3 NATO Standardization Office. UAV Systems in Technical Reconnaissance Operations.

4 Austin R. Unmanned Aircraft Systems: UAV Design, Development and Deployment. - Wiley, 2010.

5 D.N. Zhukov. Use of small drones in tactical control. // Military thought. - 2023.

Ж.Т. БЕЙСЕНОВ, Қ. Ш. ИБРАЕВ

СОҒЫС АЛАҢЫНДА ИНЖЕНЕРЛІК БАРЛАУҒА ҰҰА САМОЛЕТ ТИПТІ, КВАДРОКОПТЕРДІҢ ЖӘНЕ FPV-ДРОНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасы ұлттық ұланы академиясы
Астана қаласы 5573 әскери бөлімі штабы

Мақалада қазіргі ұрыс алаңында инженерлік барлау жүйесінде ұшақ типіндегі ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА), квадрокоптерлерді және FPV-дрондарды қолдану ерекшеліктері қарастырылады.Мино-жарылғыш қоршауларды, инфрақұрылымның бұзылуын, фортификациялық құрылыстар мен табиғи кедергілерді анықтау міндеттерін орындау кезінде олардың тактикалық-техникалық сипаттамалары, функционалдық мүмкіндіктері мен шектеулері талданады. әрекет ету қашықтығы, ұшу ұзақтығы, жасырындылық, позициялау дәлдігі және радиоэлектрондық қарсы әрекетке төзімділік итериялары. Бірыңғай барлау-ақпараттық жүйе шеңберінде ҰҰА-ның әртүрлі түрлерін кешенді қолдану қажеттілігі негізделеді.

Zh.T. BEISENOV, K.Sh. IBRAYEV

APPLICATION OF SMALL TYPE, QUADROPERS AND FPV DONS IN THE FIELD OF BOTH

National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan
5573 military unit, Astana

The article deals with the features of the use of unmanned aerial vehicles (UAVs) of the aircraft type, quadrocopters and FPV drones in the engineering intelligence system in the modern battlefield, analysing their tactical and technical characteristics, functional capabilities and limitations in carrying out mine-explosive barrier detection, destruction of infrastructure, fortification facilities and natural obstacles. Iteria of range, duration of flight, camouflage, positioning accuracy and resistance to radio-electronic resistance are justified by the need for integrated use of different types of drones within a single intelligence and information system.

УДК 355.42
МРНТИ 78.25.15

А.В. БЕККЕР[1], Ж.Ж. КУЛЬБАЕВ[2]

[1] магистр военных наук, начальник кафедры военных технологий управления и систем охраны Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск, полковник. E-mail: bavmost@yandex.kz.

[2] магистр национальной безопасности и военного дела, начальник кафедры тактики служебно-боевого применения, Академия Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск, полковник. E-mail: Kulbayev.75@mail.ru.

СВЯЗЬ В ТАКТИЧЕСКОМ ЗВЕНЕ УПРАВЛЕНИЯ – ГЛАВНОЕ ОРУЖИЕ В СОВРЕМЕННЫХ КОНФЛИКТАХ

Эта статья отвечает на простой вопрос: почему старые рации и схемы связи больше не работают в современных вооруженных конфликтах? Мы разберем, как изменился сам бой, и что теперь требуется от связи в батальонах, ротах и взводах. Все выводы сделаны на основе реальных событий последних конфликтов. Раньше связь была как проводной телефон: стабильно, но только если сидеть на месте. Теперь конфликты стали похожи на высокоскоростной хоккей, где все постоянно двигаются. Связь должна успевать за этим движением, выдерживать мощные помехи, передавать не только голос, но и видео с картами, и при этом не «светиться» противнику. Статья подробно, шаг за шагом, объясняет эту революцию и показывает, как будет выглядеть связь будущего.

Ключевые слова: *тактическая связь, рота, батальон, сетецентричность, радиоэлектронная борьба (РЭБ), беспилотники, живучесть связи, маневренный бой.*

Введение: Что послужило для внедрения инноваций в управление?

Представьте обычную радиостанцию десятилетней давности. Она надежная, проверенная, но работает по строгому плану: у каждой роты свой канал, у батальона – свой, вышки связи стоят в тылу. Эта система была идеальна для «классики» ведения боевых действий с линией фронта, где позиции меняются раз в несколько дней. Командир из штаба батальона по радио отдает приказ командиру роты, тот – командирам взводов. Все ясно и предсказуемо.

Но вооруженные конфликты перестали быть предсказуемыми. Если посмотреть на кадры из Сирии, Нагорного Карабаха или Украины, то заметим, что сплошной линии окопов нет. Вместо этого – множество маленьких, мобильных групп, которые действуют независимо, нападают с неожиданных направлений, быстро отступают и снова атакуют. Это называется нелинейные и высокоманевренные действия.

В таких условиях старая система связи ломается. Почему? Все это связано с тем, что связь не успевает за движением. Пока рота занимала оборону, вышка связи ее «видела». Но стоит подразделению сделать рывок на 5 км вглубь леса

или в город, связь пропадает. Нужна система, которая двигается вместе с войсками (подразделениями).

Помехи стали оружием. Раньше радиоэлектронная борьба (РЭБ) была экзотикой. Теперь первое, что делает противник при контакте, – пытается полностью заглушить все известные ему частоты. Обычная рация в такой ситуации превращается в бесполезную железяку.

Нужно передавать не только голос. Современный солдат или командир должен видеть на планшете общую карту, получать фото от разведки, видео с дрона, координаты цели. Старые каналы связи просто не предназначены для такого объема данных.

Цель данной статьи – разобрать эти проблемы по полочкам, используя реальные примеры из боевого опыта, и показать, какие технологии и подходы приходят на смену устаревшим.

Как изменилась тактика и правила ведения боя и что это значит для связи?

Во-первых: Война без линии фронта – связь в движении.

Раньше бой шел за населенный пункт или высоту. Теперь бой идет за пространство. Подразделения контролируют не сплошную линию, а отдельные точки: перекрестки, рощи, многоэтажки. Они должны постоянно маневрировать, чтобы не быть накрытыми артиллерией. Это значит, что зона устойчивой радиосвязи исчезла. Нельзя больше рассчитывать, что в определенном месте будет стабильный сигнал.

Пример из практики [2, с. 15]: Разведдозор, углубившийся на территорию противника, обнаруживает важную цель. По старой схеме он должен выйти на связь со своим командиром роты (если это возможно), тот доложить в батальон, батальон – в артиллерию. За это время цель (например, танк) давно уедет. Нужна возможность передать координаты напрямую расчету артиллерии или оператору ударного дрона, минуя долгую цепочку. Это требует совершенно новой архитектуры сети, где связь не строго вертикальная, а напоминает сеть, где все важные узлы связаны между собой.

Во-вторых: Принцип «Увидел – Передал – Уничтожил». Скорость решает все.

Современная война – это соревнование в скорости. Кто быстрее обнаружит противника, примет решение и нанесет удар, тот и побеждает. Этот цикл («разведка-поражение») в идеале должен занимать минуты, а в лучшем случае – десятки секунд [3].

Что это значит для связи? Связь становится критическим звеном в этой цепочке. Если в момент, когда разведчик нашел цель, канал связи занят или заглушен, – вся система дает сбой. Связь должна работать с гарантированной минимальной задержкой, т.е. должно обеспечиваться требование к военной связи - своевременность. Представьте, что вы звоните по видеосвязи: если картинка «тормозит» на 10 секунд, разговор невозможен. Так и здесь: задержка в 30 секунд в передаче координат цели делает бессмысленной работу всей разведки.

В-третьих: Нашествие дронов: от разведки до связи.

Сегодня в роте могут быть десятки разных беспилотников: маленькие квадрокоптеры для осмотра здания за углом, более крупные для разведки на несколько километров и ударные БПЛА. Каждый дрон – это источник мощного потока данных: видео в реальном времени, телеметрия, координаты.

Старые каналы связи, рассчитанные в основном на голос, не выдерживают такой нагрузки. Если пять дронов одновременно пытаются передать видео, сеть «ложится». Нужны новые, широкополосные каналы. Но что еще важнее – сам дрон может стать летающей антенной. Если наземная связь заглушена, дрон-ретранслятор, поднявшись на высоту, может восстановить ее, приняв сигнал от одних солдат и передав его другим. Это полностью меняет подход к обеспечению связи.

В-четвертых: Война в эфире – РЭБ как основная угроза.

Самое главное изменение – это то, что радиоэлектронная борьба стала обычным, массовым тактическим оружием, как пулемет или миномет [5, с. 80]. Раньше безопасность связи обеспечивали в основном шифрованием, чтобы противник не мог понять, о чем говорят. Сейчас первая задача – не дать ему вообще услышать ваш сигнал или сразу его заглушить.

Наглядный урок [8]: Во время войны в Нагорном Карабахе в 2020 году одна из армий полагалась на стандартные радиостанции. Противник, используя недорогие и мобильные станции РЭБ, точечно подавлял связь на уровне рот и взводов. В результате солдаты, оставшись без управления и не понимая обстановки, становились легкой мишенью для артиллерии и дронов противника, который сам при этом сохранял устойчивое управление. Этот опыт показал, что защита от помех теперь важнее, чем самый сложный шифр.

Как меняются технологии системы связи?

Во-первых: от «звезды» к «сетке-паутине» (Mesh-сети).

Представьте старую схему связи как звезду: в центре – командир с мощной радиостанцией (или штабная вышка), а лучи – это связи с подчиненными. Сломайте центр – и вся система падает.

Новая концепция – Mesh-сеть (ячеистая сеть). Здесь каждая радиостанция в сети (у командира, у сержанта, у солдата в отделении) может работать не только на прием и передачу для себя, но и быть ретранслятором для других [6].

Как это работает на практике: Два разведчика в лесу потеряли прямую связь со штабом из-за холма. Но они связываются с экипажем боевой машины пехоты (БМП) своей роты, которая стоит в 500 метрах. Та БМП, в свою очередь, связана с командирским бронетранспортером, который уже «видит» штабную антенну. Сигнал от разведчиков автоматически, как по цепочке, прыгает от одного узла к другому и доходит до штаба. Даже если БМП уничтожат, сеть автоматически найдет другой маршрут – например, через дрон-ретранслятор. Такая сеть обладает живучестью и гибкостью.

Во-вторых: умное радио, которое само ищет путь.

В условиях, когда противник постоянно ищет и глушит ваши частоты, человек не успевает перестраивать рации. На помощь приходят технологии когнитивного радио и программируемых радиостанций (SDR) [7].

Программируемая рация (SDR): это как смартфон вместо старого кнопочного телефона. Одну и ту же аппаратную «коробку» можно перепрошить под разные задачи: сегодня она работает как обычная радиостанция, завтра – как ретранслятор, послезавтра – как узел для передачи данных с дрона. Это дает огромную гибкость.

Когнитивное (умное) радио: Такая рация постоянно «прислушивается» к эфиру. Она автоматически определяет: «На моей основной частоте – сильная помеха. На соседней частоте – чисто. И здесь же я слышу сигнал своего узла сети. Переключаюсь на чистую частоту и продолжаю работу». Все это происходит без участия оператора, за доли секунды.

В-третьих: быть невидимым: технологии скрытности (LPI/LPD).

Чтобы тебя не заглушили, нужно быть труднообнаружимым. Для этого используются технологии LPI/LPD (малая вероятность перехвата/обнаружения).

Простой аналог: кричать в мегафон – это старая связь (сильный, четкий сигнал, который легко запеленговать). Шептать на ухо соседу в шумной комнате – это LPI/LPD. Сигнал очень слабый и «размазан» по широкому диапазону частот, поэтому на фоне общего шума его почти невозможно выделить и запеленговать. Именно такие технологии позволяют сохранять связь в условиях активного противодействия РЭБ.

В-четвертых: использование всего, что летает: воздушный сегмент связи.

Поскольку земля – это помехи, холмы и вражеские средства РЭБ, самым стабильным каналом часто становится воздух.

Дроны-ретрансляторы: Легкий квадрокоптер с ретранслятором может подняться на 300-500 метров и в радиусе нескольких километров обеспечить связь для наземной группы. Его быстро развернуть, и он следует за группой.

Псевдоспутники (стратосферные платформы): это более тяжелые аппараты, работающие на высотах 20-25 км, как бы «висящие» над районом боевых действий и обеспечивающие покрытие, как у спутника, но с меньшей задержкой сигнала.

Уроки из реальных сражений.

Нагорный Карабах, 2020: Приговор старой системе.

Этот конфликт наглядно показал катастрофические последствия пренебрежения РЭБ-защитой на тактическом уровне [8]. Армия, использовавшая стандартные, незащищенные от мощного подавления средства связи, фактически оказалась глухой и слепой. Потеря управления привела к хаосу, изоляции подразделений и их последовательному уничтожению более мобильным и лучше управляемым противником. Вывод был однозначен: без современной помехозащищенной связи воевать теперь невозможно.

Вооруженный конфликт на территории Украины (2022–н.в.): Лаборатория будущего.

Украинский конфликт – это масштабный полигон, где все эти тенденции сошлись вместе.

Гибридные решения: когда военные системы не справляются, в ход идут гражданские. Массовое применение спутниковых терминалов Starlink стало феноменом [4]. Их используют для координации артиллерии, управления дронами, связи между штабами. Это доказало: будущее – в умной комбинации специализированных военных и устойчивых коммерческих технологий.

Распределенное управление: появилось множество ad-hoc групп – временных команд из разведчиков, корректировщиков и артиллеристов. Они общаются через защищенные мессенджеры и специализированные приложения, напрямую обмениваясь целями. Это резко ускоряет работу, но требует новых протоколов безопасности.

«Охота на ретрансляторы»: поскольку связь жизненно важна, уничтожение ретрансляторов (как наземных, так и воздушных) стало одной из ключевых задач для артиллерии и ударных дронов. Это подчеркивает, насколько важным и уязвимым стал каждый элемент современной сети.

Программные атаки: Война вышла и в киберпространство. Появились атаки на программное обеспечение самих систем управления и связи, попытки внедрения вредоносного кода. Защита «цифрового» тела радиостанции стала так же важна, как и защита ее «железного» корпуса.

Заключение. Современная тактика превратила связь из инструмента управления в основу боеспособности. Она теперь – такой же важный элемент, как танк, броня или оружие солдата. Без современной связи даже самое лучшее подразделение становится беспомощным.

Ниже приведены основные принципы будущей тактической связи.

1.Не «пирамида», а «паутина». Иерархические сети уступают место гибким, самоорганизующимся Mesh-сетям, где нет единой точки отказа.

2.Умнее человека. Системы связи должны самостоятельно бороться с помехами, выбирать маршруты и адаптироваться к обстановке, используя искусственный интеллект и когнитивное радио.

3.Невидимость – лучшая защита. Приоритет смещается от мощности сигнала к его скрытности (LPI/LPD) и способности «прятаться» в радиоэфире.

4.Воздух – это новый рельеф. Дроны и другие воздушные платформы становятся неотъемлемой частью системы связи, обеспечивая мобильность и живучесть.

5.Все в одной сети. Голосовая связь, видео с дронов, картографические данные, целеуказания – все это должно беспрепятственно течь по единой защищенной сети к тому, кому это нужно, будь то генерал в штабе или солдат в окопе.

6.Связь будущего для роты или батальона – это уже не набор радиостанций, а единая интеллектуальная система жизнеобеспечения. Она должна быть незаметной для врага, неубиваемой и мгновенной. Солдат с таким комплектом связи будет видеть больше, знать больше и действовать быстрее, чем противник.

Дальнейшее развитие будет идти по пути миниатюризации, увеличения автономности и создания еще более умных алгоритмов для ведения «войны в эфире». Бой будущего начинается с победы в борьбе за связь.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Миронов, Д.А. Сетецентрические войны: теория и практика. – М.: Воениздат, 2021. – 256 с.

2 Соколов, В.И. Тактика общевойскового боя: уроки и выводы из современных конфликтов // Военная мысль. – 2023. – № 4. – С. 10–22.

3 Цикл «Разведка-поражение»: опыт сокращения в условиях Украины [Электронный ресурс] // RUSI. – 2023. – Режим доступа: https://rusi.org/explore-our-research/publications/commentary/sensor-shooter-cycle-lessons-ukraine (дата обращения: 15.10.2023).

4 Петров, К.С. Применение беспилотных авиационных систем в конфликте в Украине и их влияние на системы управления // Вестник Академии военных наук. – 2022. – № 3(78). – С. 45–53.

5 Johnson, R.W. Electronic Warfare in the New Era: Tactical Lessons from Syria and Ukraine // Journal of Strategic Studies. – 2022. – Vol. 45, No. 5. – P. 70–92.

6 Tactical Communications: Moving to the Mesh [Электронный ресурс] // NATO ACT Innovation Hub. – 2021. – Режим доступа: https://www.act.nato.int/articles/tactical-communications-moving-mesh (дата обращения: 10.10.2023).

7 Гусев, А.М., Федоров, Л.Н. Когнитивное радио в военных системах связи: проблемы и перспективы // Специальная техника. – 2021. – № 5. – С. 34–41.

8 The Second Nagorno-Karabakh War: A Milestone in Military Affairs [Электронный ресурс] // CSIS. – 2020. – Режим доступа: https://www.csis.org/analysis/second-nagorno-karabakh-war-milestone-military-affairs.

REFERENCES:

1 Mironov, D.A. 2021. Setetsentricheskie voiny: teoriya i praktika [Network-Centric Wars: Theory and Practice]. Moscow: Voenizdat. 256 p. (In Russian).

2 Sokolov, V.I. 2023. Taktika obshchevoiskovogo boya: uroki i vyvody iz sovremennykh konfliktov [Tactics of Combined Arms Combat: Lessons and Conclusions from Modern Conflicts]. Voennaya mysl' [Military Thought]. No. 4, pp. 10–22. (In Russian).

3 RUSI. 2023. Tsikl «Razvedka-porazhenie»: opyt sokrashcheniya v usloviyakh Ukrainy [The Sensor-Shooter Cycle: Lessons from Ukraine] [Online]. Available at: https://rusi.org/explore-our-research/publications/commentary/sensor-shooter-cycle-lessons-ukraine (Accessed: 15 October 2023). (In Russian).

4 Petrov, K.S. 2022. Primenenie bespilotnykh aviatsionnykh sistem v konflikte v Ukraine i ikh vliyanie na sistemy upravleniya [The Use of Unmanned Aerial Systems in the Conflict in Ukraine and Their Impact on Control Systems]. Vestnik Akademii

voennykh nauk [Bulletin of the Academy of Military Sciences]. No. 3(78), pp. 45–53. (In Russian).

5 Johnson, R.W. 2022. Electronic Warfare in the New Era: Tactical Lessons from Syria and Ukraine. Journal of Strategic Studies. Vol. 45, No. 5, pp. 70–92.

6 NATO ACT Innovation Hub. 2021. Tactical Communications: Moving to the Mesh [Online]. Available at: https://www.act.nato.int/articles/tactical-communications-moving-mesh (Accessed: 10 October 2023).

7 Gusev, A.M. and Fedorov, L.N. 2021. Kognitivnoe radio v voennykh sistemakh svyazi: problemy i perspektivy [Cognitive Radio in Military Communication Systems: Problems and Prospects]. Spetsial'naya tekhnika [Special Equipment]. No. 5, pp. 34–41. (In Russian).

8 CSIS. 2020. The Second Nagorno-Karabakh War: A Milestone in Military Affairs [Online]. Available at: https://www.csis.org/analysis/second-nagorno-karabakh-war-milestone-military-affairs.

А.В. БЕККЕР, Ж.Ж. ҚҰЛБАЕВ

БАСҚАРУ ТАКТИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНДЕ БАЙЛАНЫС – УАҚЫТША КОНФЛИКТТЕРДЕГІ ТАРАПТЫ ҚАРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының академиясы

Бұл мақала қарапайым сұраққа жауап береді: неге ескі рациялар мен байланыс схемалары қазіргі заманғы қарулы жанжалдарда жұмыс істемейді? Біз ұрыстың өзі қалай өзгергенін және енді батальондарда, роталар мен взводтарда байланыс қажет болатынын анықтаймыз. Барлық қорытындылар осыған негізделген. соңғы қақтығыстардың шынайы оқиғаларының негізі. Бұрын байланыс сым телефон сияқты болған: тұрақты, бірақ егер сіз бір орында отырған болсаңыз. Енді қақтығыстар жоғары жылдамдықты хоккейге ұқсайды, онда бәрі үздіксіз қозғалады. Байланыс қозғалыспен төтеп береді, күшті кедергілерге төтеп береді, тек дауыспен ғана емес карталармен видеоны да береді, сонымен бірге қарсыласына «жарық» демейді.-бап, қадам-қадаммен, егжей-тегжейлі түсіндіреді және болашақтың байланысы қалай болатынын көрсетеді.

A.V. BACKER, J.Zh. KULBAYEV

RELATIONSHIP IN THE TACTICAL TABLE OF MANAGEMENT - MAIN WEAPONS IN CONTEMPORARY CONFLICT

National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan

This article answers the simple question: why are old radios and communication circuits no longer working in modern armed conflicts? We will examine how the battle itself has changed and what is now required of communication in battalions, companies and platoons, all of which are based on the actual events of recent conflicts. The connection used to be like a wired phone: stable, but only if you sit there. Now the conflicts are like high-speed hockey, where everyone is constantly moving. The

communication has to keep up with this movement, withstand powerful interference, transmit not only a voice, but also a video of maps, without "lighting" to the enemy. The article in detail, step by step, explains this revolution and shows how the connection of the future will look.

******

УДК 355/359.07

Н.К. БЕКТУРСУНОВ
философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару Академиясы қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының соғыс кезіндегі жұмылдыру мәселесін зерделеу және тиімділігін арттыру қажеттілігімен анықталады. Қазақстандық тарихшылар үшін ҰОС кезеңін мемлекетіміздің әскери ұйымының мүдделері тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады.

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының соғыс кезіндегі жұмылдыру мәселесін тарихи тұрғыдан сарапқа салып, артықшылық пен кемшіліктерін анықтау. Сонымен қатар, ресурстарды жұмылдыру жолдары мен формаларын зерттеу және майдан мен тылдағы қазақ халқының патриоттық көтерілуін қамтамасыз еткен нақты факторларды қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы соғыстың қазақ халқының тарихындағы рөлі мен орнын анықтау жаңа материалдар мен құжаттарды іздеумен, сондай-ақ олардың жаңа түсіндірмелерімен қатар жүретініне байланысты. Өткен соғыстың қазақ халқының тарихындағы рөлі мен орнын қайта қарастыру идеологиялық қысымнан ада, объективті зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері қазіргі замандағы әскерді дайындау мен тәрбиелеуде тарихта орын алған әдістер мен жолдарды қолдануға болатындығында, бұл заманауи жағдайларда қорғаныс қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді..

Түйінді сөздер: *Ұлы Отан соғысы, әскери тарих, еңбек армиясы, саяси-тәрбиелік жұмыс, Қазақстан майдан арсеналы*

Кіріспе

Мақала Қазақстанның Ұлы отан соғысы кезіндегі тарихына арналған. Мұнда соғыс кезінің талаптарына сай Қазақстанның материалдық және адам ресурстарын Кеңес Одағының қорғанысына жұмылдыру мәселесі қарастырылады. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы қазақ халқының XX ғасырдағы тарихындағы қайғылы әрі қаһармандық кезеңді қамтиды. Қазақстан соғыс кезінде армияға 1 366 мың адамды, тағы 790 356 адамды еңбек

армиясына, еңбек резервтері мектептері мен училищелеріне жіберді. Отанды қорғауға 5183 қыз аттанды. Соғыс жылдары майданға жақын өңірлерден көшіріліп әкелінген 27 әскери оқу орны 16 мың офицер даярлап шығарды. Қазақстан аумағында жасақталған дивизиялар Ұлы Отан соғысының алғашқы қиын кезеңінде ерлікпен шайқасып, Кеңес Қарулы Күштерінің мақтанышына айналды. Олардың мұнан кейінгі ерлікке толы жауынгерлік жолы да Ұлы Отан тарихынан лайықты орын алды. Соғыс жылдарындағы ең маңызды мәселелердің бірі – әр түрлі ұлттардан шыққан жауынгерлер арасында саяси-тәрбиелік жұмыстарды жүргізу болды, бұл туралы мақалада айтылған. Сонымен қатар, майдан мен тыл арасындағы байланыс, сондай-ақ майдандық концерттік бригадалардың өнер көрсетулері жауынгерлердің рухани көңіл-күйін көтеруде маңызды рөл атқарды.

Негізгі бөлім

Кеңестік заманауи тарихнамадағы ең танымал бағыттардың бірі – Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеу болды. Библиографтардың мәліметтері бойынша, 1990 жылдардың басында КСРО-да «Ұлы Отан соғысының тарихына арналған 20 мыңнан астам кітаптар, брошюралар және журналдық мақалалар жарық көрді». Тек 1965 жылы ғана Жеңістің 20 жылдығына орай 8 кітап, 24 брошюра және 200-ден астам ғылыми мақалалар республиканың жауды талқандауға қосқан үлесін көрсететін журналдар мен республикалық газеттерде жарияланды [1, с. 4].

Соғыс тарихын жасау әскери қимылдар барысында-ақ басталды. 1941 жылдың басында КСРО Ғылым Академиясының Тарих институты жанынан Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеу жөніндегі арнайы комиссия құрылды. Осындай комиссия Алматыда да құрылып, оған жергілікті тарихшылармен қатар КСРО Ғылым Академиясының эвакуацияланған ғылыми қызметкерлері де қатысты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институты соғыс жылдарындағы республика өміріндегі маңызды оқиғаларды және қазақстандықтардың майдандағы ерліктерін күнделікті түрде жазып отырды [2, с. 24]. Бұл жұмыстың нәтижесінде 1943 жылы Алма-Атада «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақ КСР тарихы» атты бір томдық еңбек жарық көрді, онда соғыс майдандарындағы жауынгерлердің ерлігі мен тылдағы еңбеккерлердің үлесін көрсететін арнайы тарау бар. 1959-1983 жылдар аралығында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының құрамында Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихы бөлімі жұмыс істеді. А.Н. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский, М.К. Қозыбаев сияқты академиктердің, Т.Б. Балақаев, Ғ.А. Әбішев, П.С. Белан, Н.Е. Едігенов сияқты профессорлардың және басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектерінің арқасында көптеген құжаттық жинақтар мен іргелі зерттеулер жарық көрді, олар әлі күнге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ.

Іс жүзінде, 1950 жылдардың ортасына дейін Ұлы Отан соғысының тарихы И. Сталиннің «КСРО-ның Ұлы Отан соғысы» атты кітабында ұсынылған схема бойынша жазылды, бұл ретте жоғарғы әскери және саяси басшылықтың қателіктері мен кемшіліктері айналып өтілді. КО КП пен кеңес қоғамының

қаһармандық тарихының шеңберіне сыймайтын мәселелерді зерттеу мен дамытуға жасырын тыйым салынды, әскери тарихтың теріс жақтарын объективті түрде зерттеу әрекеттері социалистік қоғамда болған деп есептелген үйлесімділікке шабуыл ретінде қарастырылды. Соғыс тарихына арналған кітаптардан тек қана тылдағы еңбек ресурстарының ерекшеліктері мен құрылымы туралы кез келген мәліметтер алынып тасталған жоқ, сонымен қатар репрессия, аштық, Еңбек армиясы, мәжбүрлі еңбек, лагерьлер сияқты ұғымдар да қатаң тыйым салынған болатын. Осы мақсаттарға жету үшін қолданылған соғысып жатқан халықтың нақты моральдық мотивация түрлері мен формалары да назардан тыс қалды. Тыл тарихының көптеген мәселелері де көрініс таппады. Соғыс кезіндегі адам ресурстарын жұмылдыру, Еңбек армиясы, немістер мен басқа да арнайы қоныс аударылғандардың депортациясы құпия саналды. Кейбір зерттеушілер кеңес жағынан болған нақты адам шығындары мен соғыс тұтқындары туралы мәселелерді көтергенімен, Ржев, Қырым, Кавказ және т.б. жерлерде болған қанды шайқастардың ақталғандығына күмән келтіргенімен, бұл әрекеттер кең қолдау таппады.

Біздің жұмысымыздың мақсаты – Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан нақты елеулі үлесін және қазақ халқының рөлін қалпына келтіру және негіздеу. Сонымен қатар, елдің барлық ресурстарын жұмылдыру жолдары мен формаларын зерттеу және майдан мен тылдағы қазақ халқының патриоттық көтерілуін қамтамасыз еткен нақты факторларды қарастыру.

Соғыстың бастапқы кезеңіндегі ірі сәтсіздіктер, әсіресе Батыс және Оңтүстік-Батыс майдандары әскерлерінің қоршауға алынуы және талқандалуы, 1941 жылдың жазы мен күзінде Кеңес әскерлерінің солтүстік-батыс бағыттағы сәтсіздіктері мен шегінуі, кейіннен 1942 жылы Сталинградқа дейін мәжбүрлі түрде шегінуі, сондай-ақ бүкіл ұрыс шебі бойындағы басқа да қанды шайқастар Кеңес Одағының әскерлерінің адам күші бойынша үлкен шығынға ұшырауына әкелді. Кеңес Одағын жою сценарийі шынайы көрінді. «Соғыстың алғашқы 18 айында жеңілмейтін деп саналған гитлерлік вермахт Қызыл Армияға апатты жеңілістер келтіріп, Кеңес Одағына Атлант жағалауы мен Солтүстік Америкадағы Миссисипи өзені арасындағы қашықтыққа тең тереңдікке дейін еніп кетті. Германияның қарулы күштері Кеңес Одағының еуропалық бөлігінің 30 пайыз территориясын басып алды, ол аймақтар үлкен халқы мен бай өнеркәсіптік және ауылшаруашылық базасына ие болатын. Олар Қызыл Армияға 12 миллион адам шығынын келтірді – оның ішінде 6 миллионнан астамы қаза тапты, хабарсыз кетті немесе тұтқынға түсті. 1941 жылы немістердің «Барбаросса» операциясы барысында Қызыл Армия мен Әскери-Теңіз Флоты 3 миллионнан астам адамынан айырылды – бұл бейбіт уақыттағы санының үштен екісі және жұмылдыру бойынша толық санының үштен бірі. 1942 жылы немістердің «Блау» операциясы кезінде тағы 3,2 миллион адам шығын болды немесе Қызыл Армия санының шамамен үштен бірі. 1941 жылы вермахт әскерлері елдің 30% территориясын басып алды, олар Кеңес Одағының еуропалық бөлігінің ең бай экономикалық дамыған аймақтары болатын. Жаңа

жұмысшы-шаруа армиясының үштен бірі офицерлік және қатардағы құрамымен бірге тұтқынға түсті» [3, с. 58].

1941 жылдың жазы мен күзінде жау елдің батыс бөлігіндегі 1,5 мың шаршы км аумақты басып алды, онда соғысқа дейін 74,5 миллион адам өмір сүрген. Сонымен қатар, жау басып алған аумақта 88 миллион адам (КСРО халқының 45%-ы) өмір сүргені ескерілді.

Осындай жағдайларда соғыстың нәтижесі, армия мен елді құтқару енді елдің тылдық, шығыс аудандарының халқына байланысты болды. Армиялық резерв пен еңбек ресурстарын қалыптастырудағы негізгі ауыртпалық осы аймақтарға түсті. Қазақстан майданның негізгі арсеналдарының бірі ретінде өз міндетін абыроймен орындап, соғысып жатқан армияны адам және материалдық ресурстармен қамтамасыз етті.

1941 жылдың жаз-күзіндегі әскери апат ел басшылығы мен Мемлекеттік қорғаныс комитетін жаңа армия құру міндетін алдына қойды. Армияның тез қалпына келуі және жаңа контингентпен толықтырылуы неміс командованиесі үшін күтпеген жағдай болды. Белгілі әскери тарихшы Энтони Бивор өзінің іргелі зерттеуінде былай деп атап өтеді: «Мәскеуге шабуыл жасар алдында олар өздерін жеткілікті түрде сенімді сезінді. Киевтің шығысында кеңес әскерлерін қоршауға алу қуаныш әкелсе де, Қызыл Армияның күтпеген жоғары саны алаңдаушылық тудырды» [4, с. 304].

Бұл жаңа армия іс жүзінде 1941 жылдың маусымынан кейін жүргізілген жалпыға бірдей мобилизация есебінен құрылды. Сонымен қатар, 1942 жылдың басынан бастап 1943 жылдың жазына дейін мобилизация тек шығыс аймақтар есебінен жүргізілді. Жаңа бөлімдер мен құрамаларды құру үздіксіз жүргізілді. Орталық Азия республикаларынан осы кезеңде майданға 3 млн адам шақырылды [5, с. 203-217].

Әскери міндеттілердің 1905-1918 жылдар аралығында туғандарды жұмылдыру алғашында 14 әскери округ бойынша жарияланды, ал келу күні 1941 жылдың 23 маусымы деп белгіленді. Сонымен қатар, 16-50 жас аралығындағы азаматтық халықтан резервтер дайындау курстары ұйымдастырылды. Соғыс жылдарында Қазақстанда Осоавиахим, Қызыл Крест және басқа да ерікті спорттық және қорғаныс қоғамдарының жүйесі арқылы 2 млн адам оқытылғанын атап өту қажет. Әскери жұмылдыру халықтың барлық топтарын қамтыды. Кеңес Қарулы Күштерінің қатарын жаңа дивизиялар мен құрамалармен толықтыру негізінен 1941 жылдың екінші жартысында және 1942 жылы жүзеге асырылды. 1941 жылдың жазы мен күзінде Қазақстан аумағында ірі әскери құрамалар мен жеке бөлімдер құрыла бастады.

Олардың арасында Алматы қаласында құрылған атақты 316-шы атқыштар дивизиясы (кейіннен И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы) және 38-ші атқыштар дивизиясы (1943 жылдан бастап 73-гвардиялық) болды. Ақмола, Алматы, Петропавл, Семей, Жамбыл, Өскемен және басқа да қалаларда 310-шы, 314-ші, 29-шы, 238-ші атқыштар дивизиялары, 105-ші, 106-шы, 96-шы қазақ ұлттық кавалериялық дивизиялары, 100-ші және 101-ші жеке ұлттық атқыштар бригадалары және Кеңес Армиясының басқа да

бөлімдері мен құрамалары құрылды. 2-3 айлық жеделдетілген дайындықтан кейін бұл құрамалар майданға жіберілді. Әскери ведомстволардың статистикасы көрсеткендей, армия қатарында болған 170 мыңнан астам қазақстандықтардан бөлек, 1941-1945 жылдары армияға 1 млн 21 мың адам шақырылды. Қазақ КСР Әскери комиссариатының құжаттарын талдау республика азаматтарын армия қатарына шақыру бойынша барлық шақырылғандардың 681 мыңы соғыстың алғашқы бір жарым жылында, яғни 1941 жылдың маусымынан 1942 жылдың желтоқсанына дейін, майданға жіберілгенін көрсетеді. Мысалы, 1941 жылдың маусымынан қарашасына дейін Семей облысы бойынша ғана 1640 кіші командирлер мен 17258 қатардағы жауынгерлер майданға шақырылып, жіберілді, ал қатардағы жауынгерлерді жіберу жоспары 16747 адам болатын. Шақыру жоспарлары барлық жерде артығымен орындалды [6].

Жоғарыда келтірілген сандар соғыстың бастапқы кезеңінде барлық шақырылған контингенттің шамамен 54%-ы майданға кеткенін көрсетеді. Сондықтан Қызыл Армияның жеке құрамының шығындары тыл аудандары, соның ішінде Қазақстан есебінен толықтырылды. Бұл Кеңес Армиясының ауыр шайқастар мен шегіністер кезеңі болды. Үлкен және негізсіз шығындарға жол берілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО-ның адам шығынын анықтау жөніндегі комиссияны басқарған армия генералы М. Гареев былай деп жазады: «жеке құрамның шығынын есепке алу жұмыстары бүкіл соғыс бойы Бас штабта жүргізілді. Шұғыл хабарламалар табеліне сәйкес қаза тапқандар, жараланғандар және хабар — ошарсыз кеткендер мен жауынгерлік емес шығындардың (ауру бойынша, жазатайым оқиғалардан) саны туралы мәліметтер Бас штабқа майдандардан, әскери округтерден және жекелеген әскерлерден әр 10 күн сайын және жиынтық-ай сайын әрбір бірлестік бойынша келіп түсуге тиіс болатын. Бұл мәліметтер жинақталды және олардың негізінде Жоғарғы Бас қолбасшылық үшін тоқсан, жарты жыл және соғыс жылындағы шығындар туралы анықтамалар мезгіл-мезгіл дайындалды. Нақты деректерді алу өте қиын болғаны анық, әсіресе соғыстың алғашқы кезеңінде. 1941-1942 жылдардағы Кеңес әскерлерінің ауыр шегінуі жағдайында жұмылдыру арқылы шақырылған адамдар көбінесе өз құрамаларына кірмейді, ал соғысушы әскерлердің жеке құрамының бір бөлігі қоршауда және тұтқында болды».

1942 жылдың маусым айында тек Харьков ауданында 242 мыңнан астам Кеңес жауынгерлері мен офицерлері қоршауда қалып, тұтқынға алынды. 106-қазақ атты әскер дивизиясы (4400 адам) Барвенков түбегіндегі шайқасқа пойыз құрамынан тікелей қосылды. 6-кавалериялық корпусқа қосылған дивизия жауынгерлері қоршауда қалып, қаза тапты және бір бөлігі тұтқынға түсті. Осылайша, дивизия әскери құрамалардың тізімінен шығып қалды. Дивизия туралы, оның жеке құрамы толығымен қаза тапқан немесе тұтқынға түскендіктен, жазуға тыйым салынды және ешқандай ескертулер болған жоқ.

1942 жылдың наурыз айында Өскеменде құрылған 96 қазақ ұлттық атты әскер дивизиясы да осындай тағдырға тап болды. Құрылу кезеңі аяқталуға жақындаған кезде Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың бұйрығы шықты, оған сәйкес бұл дивизияның жеке құрамы басқа бөлімдерді толықтыруға жіберілді, ал

барлық қолда бар резерв 1942 жылдың мамыр айында Харьков түбіндегі және Барвенков қазанындағы шайқастарға қатысқан 6 және 2 атты әскер корпустарын толықтыру үшін оңтүстік-батыс майданға берілді. 106 дивизия жауынгерлері сияқты, 96 атты әскер дивизиясының бұрынғы жауынгерлері де өлім мен тұтқын тағдырына тап болды.

Мұндай жұмылдыру жүктемесі, сөзсіз, өз салдарын тигізді. 1943 жылдан бастап, әсіресе 1944 жылы Қазақстан бойынша әскерге шақыру жоспарлары тұрақты түрде орындалмай қалды. Соғыстың алғашқы бір жарым жылында әскерге шақырылғандардың көпшілігі Мәскеу мен Ленинград түбіндегі ауыр шайқастарда, Дон мен Еділ аралығында, Қырымда және Сталинград шайқасында қаза тапты. Әскерге шақыру жоспарларының орындалмауына байланысты Қазәссовнаркомның өтініші бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1943 жылы аудандар мен облыстарға бірінші хатшылардың жеке жауапкершілігімен құпия директива жіберуге мәжбүр болды, онда былай делінген: «қосымша адам ресурстарын іздестіру; партиялық, кеңестік ұйымдардың, әскери комиссариаттардың және НКВД органдарының қатысуымен саяси-моральдық себептер бойынша әскерге шақырылмағандарды қайта қарап, олардың әскерге жарамдыларын дереу шақыру; Қорғаныс халық комиссариатының №2064 бұйрығына сәйкес, тұрақты түрде үй аралау және рейдтер жүргізу; жарамсыз, әскери қызметке жарамсыз, кейінге қалдырылғандар мен демалыстағыларды қайта куәландырып, әскери қызметке жарамды деп танылғандарды шақырып, бар нарядтар бойынша жіберу...».

Мұнда аталған саяси-моральдық себептер бойынша шақырылуға жатпайтын адамдар Қазақстанға соғысқа дейінгі жылдары көшірілген арнайы қоныс аударушылар болды, ал олардың басым көпшілігі – «кулактар» және олардың отбасы мүшелері деп аталатындар. Көп ұзамай олардан «сенімсіз элементтер» деген таңба алынып тасталды және олар әскер қатарына шақырыла бастады. Соғыс жылдарында Қазақстанға 1 миллионнан астам арнайы қоныс аударушылар (немістер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, қалмақтар, балқарлар, қырым татарлары, түріктер, күрдтер, болгарлар және т.б.) депортацияланғанын қосу қажет. Осы санаттағы қоныс аударушылардың әскерде болған ер азаматтары майданнан шақыртылып, тыл жұмыстарына жіберілді. 1943-1945 жылдары (Жеңіс күніне дейін), Кеңес әскерлерінің ең қатал шабуыл ұрыстары жүріп жатқан кезде, олар тылға қайтарылды.

1995 жылы «Боздақтар. Еске алу кітабы» (құрама том) жарық көрді, онда шығындар кестелері, жұмылдырылғандардың жалпы саны көрсетілген. Деректер бойынша біздің республика Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық майдандарда 601 011 адамнан айырылыпты, оның ішінде 130 мың қазақ майдангері екен. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын зерттеген белгілі ағылшын жазушысы әрі публицист Александр Верт «Ресей 1939-1945 жылдардағы соғыста» атты көлемді кітабында: «Қызыл Армияның ең ержүрек жауынгерлері Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының өкілдерінен шықты, оның ішінде қазақтар ерлігі ерекше көзге түсті» деген деректі айтады.

«Кітап» жарық көргенімен, онда негізінен қазақ халқы шоғырланған Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары бойынша деректер толық емес. «Кітапты» құрастырушылар (жергілікті әскери комиссариаттар) жергілікті жерлерде өте маңызды бір жағдайды ескермеді: соғыс кезінде Қазақстан бойынша жұмылдыру жоспарлары үш әскери округтен келіп түсті. Қазақ КСР-інің әскери комиссариаты Орта Азия әскери округіне бағынды, оған республиканың батыс және солтүстік-батыс облыстары кірмеді. Ал Ақтөбе және Қостанай облыстарының тұрғындары Оңтүстік Орал әскери округінің жоспары бойынша шақырылды, ал Батыс Қазақстан, Гурьев облыстарының (Маңғыстауды қоса алғанда) тұрғындары – Приволжье әскери округі арқылы шақырылды. Сондықтан Қазәскерикоматтың есептерінде бұл облыстардың деректері жиі жетіспейді, бұл жұмылдыру деректерінің толық болмауына әкеледі. Бұл өз кезегінде армияға жұмылдырылғандардың ұлттық құрамының бұрмалануына себеп болады. 1941-1943 жылдары Қазақстанда майданға 50-ден астам бөлімшелер мен құрамалар жіберілді, оның ішінде 23 атқыштар дивизиясы, 2 ұлттық атқыштар бригадасы, 3 ұлттық атты әскер дивизиясы, жеке полктар, батальондар және басқа да бөлімшелер бар. Ұлттық қазақ бөлімшелері республика бюджетінің есебінен құрылып және жабдықталды. Осылайша, соғыс кезінде Қазақстанның 18 бен 50 жас аралығындағы ер адамдардың 70%-дан астамы әскер қатарында болды. Негізінде, соғыс жылдарында республика тұрғындарының әрбір төртіншісі ұрыс шебінде болды. Алайда бұл жеткіліксіз еді. 1941 жылдың күзіне қарай майдандағы жағдай адам ресурстарын қосымша жұмылдыру және әскери дайындықтан өткен контингенттерді даярлауды жеделдету бойынша шұғыл шараларды талап етті. Ішкі резервтерді іздеу Жоғарғы қолбасшылықты әскери құрылыстың жаңа және бұрынғы түрлерін қайта жандандыруға мәжбүр етті. 1941 жылдың соңына қарай Қызыл Армия әскердің жеке құрамын тез арада толықтыруды қажет етті. Ұлттық бөлімшелерді қайта құру туралы шешім осы мәселені тиімді және уақтылы шешу болды. Ол Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылғы 13 қарашадағы №894 «Ұлттық әскери құрамаларды құру туралы» қаулысымен қабылданды. Барлығы 20 атты әскер дивизиясы мен 15 жеке атқыштар бригадасын құру жоспарланды. Олардың ішінде Башқұрт АССР-інде – 2 атты әскер дивизиясы, Түрікмен ССР-інде – 1 атты әскер дивизиясы және 1 жеке атқыштар бригадасы; Өзбек ССР-інде – 5 атты әскер дивизиясы және 9 жеке атқыштар бригадасы; Тәжік ССР-інде – 1 атты әскер дивизиясы және 2 жеке атқыштар бригадасы; Қазақ ССР-інде – 2 жеке атқыштар бригадасы және 1 атты әскер дивизиясы; Қалмақ АССР-інде – 1 атты әскер дивизиясы; Қырғыз ССР-інде – 3 атты әскер дивизиясы; Шешен-Ингуш және Қабардин-Балқар АССР-інде – 1 атты әскер дивизиясы [7].

БКП (б) Орталық Комитетінің, Қорғаныс Мемлекеттік Комитетінің, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімдеріне сәйкес, майдан үшін резервтер дайындау және әскери бөлімдерді құру жұмыстары жергілікті жерлерде партиялық органдар мен әскери округтер қолбасшылығының басшылығымен жүргізілуі тиіс болды. 1941 жылы, әсіресе 1942 жылдың көктемінен бастап, Закавказье, Орта Азия, Қазақстан, Башқұртстан және Татарстаннан ұлттық

әскери құрамалар мен бөлімдер майданға келе бастады. Әскери басшылық, яғни Ставка, Халық Комиссарлары Кеңесі және Бас штаб, іс жүзінде жаңа армияны нөлден бастап құруға мәжбүр болды. Ұлттық құрамалардың ұрыс жолын ерекше атап өту қажет. Қазақстандық 100 және 101 атқыштар бригадаларының шайқастарға қатысқаны туралы бұрынғы жарияланымдардан белгілі. 105 атты әскер дивизиясы 1942 жылдың көктемінде батыс майдандағы шайқастарға қатысқаннан кейін 6 әуе-десанттық дивизияға айналдырылды. Ал 106 және 96 атты әскер дивизияларының тағдыры қайғылы болды. Ұлттық құрамалар мен бөлімдердің жеке құрамының шығындары бөлек есепке алынбады. Оларды толықтыру үшін республикаларда запастағы полктер мен батальондар құрылды, онда шақырылғандар үш айға дейінгі мерзімде әскери мамандықтарды (атқыштар, пулеметшілер, гранатаатқыштар, байланысшылар) меңгерумен қатар, орыс тілін үйреніп, ұрыс жағдайында қабылданатын негізгі командаларды түсінуді үйренді. Бұл жүйе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды ескеруге мүмкіндік беріп, ұрыс жағдайының қатал талаптарына тезірек бейімделуге және майданға жіберілетін бөлімшелердің ұрысқа қабілеттілігін едәуір арттыруға жағдай жасады. Шақырылғандар арасында ұрыс даласында ерлік пен батырлық көрсеткен жерлестеріне мақтаныш сезімін тәрбиелеу, олардың жауынгерлік даңқын арттыруға ұмтылу үшін жағдайлар жасалды. Оқу аяқталғаннан кейін жеке құрам марштық роталармен әрекет етіп жатқан ұлттық құрамалар мен бөлімдерге жіберілді. Ұлттық әскери бөлімдердің ұрыс қимылдарындағы маңызы арта түскені соншалық, 1941 жылғы 13 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі әрбір одақтас республикаға өз әскери құрамаларын ұстауға рұқсат беретін заң қабылдады. Бұл құрамаларды жасақтау және материалдық қамтамасыз ету олар толық дайын болғанға дейін республикалар мен автономиялық облыстардың ресурстары есебінен жүзеге асырылды.

Осылайша, жаңадан құрылған армия көпұлтты құрамға ие болды, өйткені оның едәуір бөлігі ұлттық республикалардан шақырылғандардан тұрды. Соғыс кезеңінде Қызыл Армия қатарында шамамен 35 млн. адам болды. Олардың негізгі бөлігін орыс ұлтының жауынгерлері құрады, соның ішінде 4,4 млн. украиндер, 1 млн.-нан астам белорустар, 1,8 млн. қазақтар, өзбектер, қырғыздар болды.

Соғыс жағдайында әскерді басқару мәселелері орыс емес ұлттардан шыққан сарбаздардың орыс тілін білу мәселесімен күрделене түсті. Қызыл Армияда негізгі командалық тіл ретінде орыс тілі бекітілгені белгілі. Жоғарғы қолбасшылық негізінен орыс тілді офицерлерден тұрды. Ережелер, нұсқаулықтар мен бұйрықтар да орыс тілінде шығарылды. Орыс тілін білу немесе жай ғана түсіну тек әскердегі тиімді коммуникация мәселесі ғана емес, сонымен қатар ұрыс жағдайында өмірлік маңызы бар мәселеге айналды. Әскери басшылардың пікірінше, басты мәселе Қызыл Армияға келіп түскен толықтырулар «...орыс тіліндегі қарапайым сөздер мен фразаларды түсіне алмайды» [8].

Қызыл Армияның Саяси басқармасының басшылығы жағдайды түзетуге барынша тырысты. Орыс тілін оқыту мәселелеріне ондаған қаулылар, бұйрықтар

арналды, басқарма өкілдері «орыс емес ұлттардан» шақырылғандарды дайындау жұмыстарын күшейтуді талап етті. Қызыл Армиядағы орыс емес ұлттардан шыққан жауынгерлер мәселесінің күрделілігі мен өткірлігі 1943 жылдың тамызында орыс емес ұлттардан шыққан жауынгерлер арасында үгітшілердің жиналысы ұйымдастырылғанымен расталады. 20 күн ішінде 192 үгітші, КСРО-ның 24 ұлтының өкілдері, жетекші кеңес тарихшылары мен армия генералдары, профессорлар мен академиктер – И.И. Минц, А.М. Панкратова, И. Ярославскийдің дәрістерін тыңдады. Үгітшілердің құрамы ерекше болды: 50 % жоғары білімді, 30 % орта білімді болған.Бұл жиналысқа Кеңес Одағының Батыры, Бас Саяси басқарманың басшысы РККА майоры Мәлік Ғабдуллин, қазақтардан шыққан саяси қызметкерлер Ақай Нүсіпбеков, Асқар Закарин, Дихан Әбілев, Мұсатай Ахинжанов, Сағынғали Сейітов және басқа да көптеген адамдар қатысты.

Тілдік мәселенің шиеленісуі, «орыс емес ұлттардан» шыққан сарбаздардың бейімделу қиыншылықтары Кеңес Армиясында ұлттық саясатты өзгертуді және идеологиялық парадигманы ауыстыруды қатты талап етті. Әлемдік пролетарлық революция мен интернационалдық бірлікке қатысты абстрактілі үндеулердің орнына халықтың кең бұқарасына түсінікті Отан қорғаушылар бейнесі қолданыла бастады. Кеңес басшылығы жүз сексен градусқа бұрылудан қорықпады, уақытша таптық көзқарас қағидаттары ұмытылды. Үлгі тұлғалар ретінде Кеңес өкіметіне жат әлеуметтік тегі бар ұлттық батырлар, хандар, батырлар жарияланды. Діни саясат та түбегейлі өзгеріп, соғысып жатқан халықтың моральдық жұмылдырылуы ісінде идеологиялық одақтастарды дәстүрлі конфессиялардан іздеуге көшті. Сонымен қатар, биліктің қорқыныш арқылы мотивациялау сияқты ресурсын да естен шығармады. Сондықтан, кеңес халықтарының, оның ішінде қазақтардың да көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы тек ұлттық саясаттың шебер жүргізілуі мен үгіт-насихат құралдарының тиімділігімен ғана емес, сонымен қатар соғыс заңдарының қаталдығымен де түсіндіріледі деп болжауға негіз бар.

Соғыс басында талқандалғанына қарамастан, қансыраған Қызыл Армия қайта тіріліп, алғашында Вермахтты Мәскеуден ығыстырып, кейіннен Сталинград түбінде Паулюс армиясын талқандап, Курск шайқасында стратегиялық бастаманы толықтай қолға алды, бұл соғыстың нәтижесін алдын ала анықтады. Қызыл Армия алғашқы жойқын соққыға төтеп беріп, нағыз «ғажайып» жасады. Осылайша, кеңес халқы мен оның басшылығы таңғажайып күш-жігермен соғыстың алғашқы кезеңіндегі дағдарысты еңсере алды. Алып елдің барлық мүмкін материалдық ресурстары іске қосылды. Бірақ бұл ресурстардан бөлек, кез келген шайқастың нәтижесін шешетін ең басты ресурс – соғысушы халықтың рухани жағдайы іске қосылуы тиіс еді. Егер бұл ресурс іске қосылса және халық дұрыс ынталандырылса, ол жеңіс үшін шығындарды есепке алмай, кез келген құрбандыққа барады.

Елдің ішкі ұлттық және діни саясатының негізгі аспектілерін қайта қарау, сондай-ақ негізгі ұрандардың идеологиялық мазмұнын өзгерту ел халқының басым бөлігінің жоғары жауынгерлік рухын және бірлігін қамтамасыз етті. Бұл

саясаттың практикалық жүзеге асырылуы соғыс уақытындағы майдан мен тыл арасындағы байланысты нығайту сияқты іс-шаралар болды. Қазақ жауынгерлері үшін бұл байланыс ерекше маңызға ие болды, өйткені олар кім үшін соғысып, өмірлерін құрбан етіп жатқанын анық көрсетті. Қазақ жауынгерлері туған жерлерінен алыста, табиғи-климаттық жағдайлары үйреншікті емес ортада, соғыс алаңының қаталдығы мен күрделілігі моральдық-психологиялық тұрғыдан бейімделуіне және жауынгерлік рухына теріс әсер етті. Сондықтан Қызыл Армия Бас саяси басқармасы (ГлавПУРККА) жауынгерлердің тылдағы жерлестерімен тікелей байланыс орнатуына ерекше мән берді. Бұл байланыс ең қарапайым және қолжетімді түрде жүзеге асырылды. Ең алдымен, бұл майдан жауынгерлерінің тылдағы жерлестермен хат алмасуы болды. Бүкіл ел халқының өмірінде далалық поштаның маңызын асыра бағалау қиын. Майданнан келген хаттар соғыстың бейресми шежіресі ретінде қарастырылуы мүмкін, олар бізге соғысқа қатысқан қарапайым жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің шынайы бейнесін көрсетеді. Хаттар қатаң цензурадан өтсе де, оларда қатал жағдайлардан ажыраған қарапайым адамдардың шынайы дауысы сақталған. 1975 жылы «Сәлем саған, Қазақстан!» атты хаттар жинағы жарық көрді. Құрастырушылардың айтуынша, бұл майдан жауынгерлерінің жеке хаттары, әріптестеріне, тіпті белгілі бір облысқа жолдаған хаттары және қарапайым жауынгерлер мен офицерлердің жауап хаттары болды. Әскери қимылдардың сипаттамасы мен тылдағы күнделікті өмір туралы жауап хаттар бүкіл Қазақстан халқының ерлігі мен еңбектегі қаһармандығының нақты және сенімді көрінісі болды. Майдандық хат алмасудың маңызын партия жетекшілері жақсы түсінді. Сондықтан жеке хат алмасудан бөлек, жекелеген әскери бөлімдердің командирлері Қазақстанның партия жетекшілеріне немесе жеке еңбек ұжымдарына, жазушыларға, әртістерге, мектеп оқушыларына, профессорлар мен тәлімгерлерге ұжымдық хаттар жазу тәжірибесін қолданды. Мысалы, «1943 жылғы 4 наурыздағы Волгадағы шайқас туралы 73-гвардиялық атқыштар дивизиясының Қазақстан КП(б) Орталық Комитетіне жазған хаты».

100-ші жеке атқыштар бригадасының жауынгерлері мен командирлерінің қаза тапқан жауынгердің сегіз жасар ұлы Ануар Сейтахметовке жазған хаты терең адамгершілік сезімдерге толы. Бұл хат «Фронтовой привет, тебе Казахстан» жинағында жарияланған. Хат авторлары былай деп жазды: «Біз қазақ халқының аманатын абыроймен орындаймыз, ал әкеңнің өлімі үшін біз шайқас алаңдарында кек аламыз… Жауларыңнан қорықпай өс! Жауынгерлік жолдастарымыздың атынан сәлем жолдаймыз!» Жауынгерлердің, командирлердің және саяси қызметкерлердің тапсырмасы бойынша хатқа бригада комиссары подполковник Баишев С., капитан Билялов А., капитан Касимов К., аға лейтенант Исин М., аға лейтенант Назаров, аға лейтенант Рустемов К., лейтенант Жангозин К., аға лейтенант Хорьков Г.И., старшина Әлімбаев Ж., аға сержант Нұрзабаев Р., аға сержант Баймұхамедов, аға сержант Щедров Г.И., сержант Нұрбаев, сержант Тараковин К., сержант Нұрбаев А., сержант Асылбеков О., старшина Шарабаев, сержант Самохин К.М. қол қойды.

Цель исследования состоит в том, чтобы разработать и обосновать универсальную двухмодульную модель подготовки операторов беспилотных авиационных систем (БАС) и их боевых расчётов в составе малых тактических подразделений, адаптированную к имеющемуся парку малых (FPV-типа) и средних БПЛА, с целью формирования универсальных специалистов, способных эффективно применять БПЛА в задачах разведки, нанесения ударов, нелетального воздействия и обеспечения безопасности в условиях вооружённых конфликтов и внутренних кризисных ситуаций (массовые беспорядки в городской среде).

В рамках совершенствования тактики действий подразделений Национальной гвардии предусмотрено применение беспилотных авиационных систем при пресечении массовых беспорядков в условиях городской застройки. Использование БПЛА позволяет выполнять задачи с минимальным привлечением личного состава, сохраняя его боеспособность и снижая риски прямого контакта с агрессивной группой [3].

Одновременное использование разведывательных и ударных (нелетальных) дронов позволяет контролировать динамику обстановки, оперативно корректировать действия подразделений и влиять на плотность толпы нарушителей.

Основные исследовательские задачи

Проанализировать мировой военный опыт применения БПЛА и адаптировать его к особенностям служебно-боевой деятельности Национальной гвардии Республики Казахстан (разведка, корректировка, нелетальное воздействие в условиях городской застройки, противодействие РЭБ).

Разработать структуру, оснащение и методику подготовки в двухмодульных учебно-практических классах, включая распределение ролей в боевом расчёте, нормативы времени и критерии оценки компетенций операторов.

Оценить эффективность внедрённой модели на базе воинской части 5573 и предложить рекомендации по её масштабированию в другие подразделения, включая создание единой нормативно-методической базы и межведомственных центров подготовки.

В этих условиях возникает необходимость создания новых - универсальных условий подготовки операторов БПЛА в составе боевого расчета, как при участии в вооруженных конфликтах, так и при ликвидации кризисных ситуаций в стране. Воинская часть 5573 разработала и внедрила универсальную модель учебно-практических классов подготовки операторов БПЛА в составе боевого расчета, отвечающей современным требованиям и ориентированной на успешное выполнение задач подразделений Национальной гвардии [4].

1. Двухмодульная система подготовки и ее новизна

Модель включает два взаимодополняющих учебно-практических класса:

1.1. *Класс малых БПЛА (FPV-типа)* — для подготовки малых расчётов (командир расчёта, оператор ударного БПЛА, специалист по боеприпасам, оператор-разведчик). Оснащён теоретическим сектором, симуляторами (с мультимедийным проектором и VR-элементами для тренировки вестибулярного аппарата), разведывательным постом с интеграцией видеопотоков, зонами сборки боеприпасов, монтажно-ремонтной мастерской и 3D-печатью деталей [5].

Разработана методика ускоренной и автономной подготовки с нормированными временными объёмами (мирное/военное время) и пошаговым наращиванием сложности, учитывающая специфику задач Национальной гвардии РК (в т.ч. городские операции с минимальным риском для личного состава).

Обоснована возможность тиражирования модели как типового решения для всей Национальной гвардии, включая планы создания всесезонного учебного ангара (2026 г.) для круглогодичной отработки тактики в имитированной городской среде.

1.2. *Класс средних БПЛА* — для работы с заводскими системами и мобильными комплексами управления. Комплексное использование классов формирует универсальных специалистов, способных управлять как FPV-дронами, так и промышленными БПЛА.

Рисунок 1

В классе созданы условия от теоретической подготовки, до практических отработок тактического применения и технического обслуживания.

Учебный процесс выстроен с учётом распределения ролей в расчёте — каждая единица расчёта получает специализированную подготовку, необходимую для выполнения боевых задач в составе единой группы, что позволяет по итогу иметь специалистов с комплексными навыками и знаниями.

2. Структура и организация обучения:

Теоретический сектор: методические материалы, стенды с тактическими схемами применения БПЛА.

Симуляторы: рабочие места с тренажёрами полёта для отработки пилотирования и тактических приёмов на большом мультимедийном проекторе, погружающий оператора в реальную обстановку, и дополнительной тренировки вестибулярного аппарата оператора, так же одновременная подготовка до четырёх операторов на подготовленных местах, что позволяет готовить солдат срочной службы с 2026 года.

Разведывательный пост: рабочее место для оператора-разведчика с интеграцией видеопотоков от БПЛА и стационарных поворотных камер, установленных на всей территории города, для организации разведывательного взаимодействия.

Места для подготовки специалиста по боеприпасам: оборудованы рабочие зоны и наглядные пособия по обращению с боеприпасной составляющей БПЛА, различных схем сборки боеприпасов и технике безопасности при их использовании.

Технический участок: монтажно-ремонтная мастерская, которая состоит из универсальных столов-мастера для сборки, ремонта и восстановления БПЛА; защищённые места для зарядки аккумуляторов; стеллажи хранения, наглядная техническая документация по сборке и обслуживанию. Для решения инженерных задач созданы условия для 3D-моделирования и печати, что позволит повысить техническую и рационализаторскую подготовленность

специалистов, изготавливать детали, учебные макеты, элементы корпусов БПЛА, системы сброса боеприпасов, ускорение ремонта [5].

Учебные места созданы так, чтобы проводить целенаправленную индивидуальную подготовку каждого члена боевого расчёта. Для старшего расчёта, оператора FPV-дронов, специалиста по боеприпасам и оператора-разведчика предусмотрены отдельные, полностью оснащённые рабочие места, позволяющие отрабатывать профильные навыки, в условиях максимально приближённых к боевым и слаженным действиям в коллективе.

Учебно-практический класс средних БПЛА - класс по обучению работе с профессиональными беспилотными летательными аппаратами заводского производства и мобильных комплексов управления. Данный класс оснащён необходимой технической базой, что позволяет готовить специалистов именно по беспилотным авиационным системам в полном объёме — от технической подготовки до практического применения.



Рисунок 2

Комплексное использование обоих учебных классов обеспечивает всестороннюю подготовку личного состава, что позволяет формировать универсальных специалистов, способных уверенно управлять как FPV-дронами, так и беспилотными авиационными системами промышленного исполнения, тем самым значительно повысит качество и эффективность подготовки расчётов БПЛА в воинских частях.

Подготовка оператора БПЛА должна выходить за рамки стандартного обучения и переходить к комплексной междисциплинарной системе боевой подготовке Национальной гвардии [6].

3. Методика индивидуальной подготовки специалистов БПЛА в универсальном классе:

3.1. Содержание методики

Методика базируется на практических принципах и общей обстановки *(мирное время,* либо ускоренный подход – *в военное время):*

целевое формирование разносторонних навыков;

обучение через практику;

самостоятельная подготовка;

пошаговое наращивание сложности задач.

3.2. Виды учебной деятельности:

Теоретическая подготовка – изучение материалов, стендов, видео, инструкций.

Тренажёрная подготовка – симуляторы, VR-программы.

Практические полёты – FPV, квадракоптерного типа, разведка, сбросы, работа в «системе координат», преодоление РЭБ.

Боевые сценарии – перехват целей, штурмовые задачи, сопровождение колонн.

Контроль знаний и навыков – допуски, зачёты, выполнение задач по шкале сложности.

Учебные нормативы и объём времени

Специальность	Учебный объём		Примечание
	в мирное время	*в военное время*	
Оператор FPV дронов	110 часов	50 часов	
Специалист по боеприпасам	50 часов	30 часов	
Оператор-разведчик	80 часов	40 часов	
Командир расчёта/инструктор	6 месяца (поэтапно)	1.5 месяца (поэтапно)	

По завершению обучения военнослужащий должен:

уверенно управлять БПЛА в дневное и ночное время;

выполнять задачи FPV/разведки/боеприпасов (в зависимости от специальности);

обеспечивать безопасность полётов;

применять БПЛА в составе боевого расчёта;

принимать решения в условиях ограничений.

Методология носит прикладной характер и сочетает:

Анализ нормативных документов и программ боевой подготовки Национальной гвардии РК, в т.ч. и программы двухэтапной подготовки операторов FPV-дронов для срочной службы, 2025 г.

Изучение мирового военного опыта применения БПЛА (на основе открытых источников по конфликтам 2022–2025 гг., где введено понятие «kill zone», интеграция FPV и РЭБ-противодействия).

Эмпирический метод — наблюдение и фиксация результатов в реальных условиях учебно-практического класса воинской части 5573 (Астана) с ноября 2025 года по настоящее время (февраль 2026 г.).

Методы педагогического эксперимента — внедрение двухмодульной системы (малые FPV + средние БПЛА) с индивидуальной и групповой подготовкой по ролям боевого расчёта.

Сравнительный анализ — сопоставление показателей подготовки и эффективности до и после внедрения модели.

4. Эффективность внедрённой модели

Результаты работы учебного класса 5573 показывают:

повышение уверенности операторов при нестандартных ситуациях;

снижение количества ошибок при выполнении полётов;

улучшение понимания тактической обстановки;

формирование грамотно подготовленные боевые расчёты, способных выполнять задачи в интересах войск;

повышение интереса военнослужащих к рационализаторству.

5. Потенциал дальнейшего внедрения в Национальную гвардию РК

Универсальная модель учебно-практического класса воинской части 5573 может использована для:

дублирования в других воинских частях;

внедрение в боевую подготовку и включения в единую систему подготовки операторов БПЛА;

формирования нормативно-методической базы;

создания межведомственных учебных центров.

На территории воинской части выделена площадка под строительство в 2026 году всесезонного учебно-практического ангара для круглогодичной подготовки операторов FPV-дронов. Цель которого является обеспечить постоянную практическую подготовку личного состава, независимо от климатических условий, и сформировать стандарт обучения.

В составе ангара предусмотрены следующие учебные зоны:

1.Тоннельные проходы — отработка точного пилотирования в узких коридорах, поворотах и перепадах высоты.

2.Пролёты “в окно” и дверные рамки — моделирование поражения целей и захода в ограниченные проёмы.

3.Имитация здания — комнаты, узкие коридоры, лестничные клетки, условия слабой освещённости и задымления; тренировка действий в застроенной среде.

4.Комплексные препятствия — лабиринты, подвесные элементы, динамические цели.

5.Боевые сценарии — доставка боеприпасов, штурм, разведка, поиск нарушителей.

Ангар будет оборудован системой отопления, видеонаблюдением, сетчатой защитой и местами для подготовки и ремонта FPV-дронов.

Ожидаемый результат: круглогодичная подготовка, снижение аварийности, повышение точности пилотирования и формирование единого стандарта подготовки операторов FPV в Национальной гвардии.

Заключение

Воинская часть 5573 выступает одной из экспериментальных площадок, на которой созданы учебно-практические классы подготовки операторов БПЛА в составе боевых расчетов, формируемая методика предрасположена гибко

адаптироваться к малейшим изучаемым новшествам, основанная на индивидуальном подходе к каждому специалисту боевого расчета, дает возможность готовить качественных специалистов, уверенно владеющими навыками управлению малыми и средними БПЛА имеющиеся на вооружении Национальной гвардии Республики Казахстан.

Полученный практический опыт подготовки боевых расчетов БПЛА, предлагается рассматривать как типовой подход подготовки института операторов БПЛА, и внедрение аналогичных классов в частях Национальной гвардии Республики Казахстан.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 История развития дронов. – Москва: Техносфера, 2023. – С. 114–120.

2 Летающие торпеды: история первых беспилотников // Военно-исторический журнал. – 2022. – № 4. – С. 34–42.

3 Корнилов Н.А. Современные подходы к подготовке операторов БАС // Вестник АНГ РК. – 2024. – № 2. – С. 15–24.

4 Программа двухэтапной подготовки операторов беспилотных летательных аппаратов (FPV-дронов) для военнослужащих срочной службы Национальной гвардии Республики Казахстан. – 2025. – С. 2–25.

5 Технология цифровых двойников в подготовке операторов БАС // Научно-технический вестник. – 2024. – № 6. – С. 69–74.

6 Алтынбеков Д.Ш. Интеллектуальные тренажёры и адаптивные методы подготовки операторов БАС // Наука и оборона. – 2024. – № 5. – С. 42–51.

7 Drone Technology Review 2024 // Aviation World Journal. – 2024. – № 2. – С. 33–45.

8 Simulation and Training for UAS Operators // Defence Technology Review. – 2023. – № 9. – С. 22–29.

REFERENCES:

1 History of drone development. - Moscow: Technosphere, 2023. - C. 114 – 120.

2 Flying torpedo: history of the first drones // War History Journal. – 2022. – No. 4. – C. 34–42.

3 Kornilov N.A., The roots of N.A. Modern approaches to training for BAS operators / ANG Journal RK. – 2024. – No. 2. – C. 15-24.

4 Two-stage training programme for drone operators (FPV drones) for members of the Emergency Service of the National Guard of the Republic of Kazakhstan. – 2025. – C. 2-25.

5 Digital Doppelganger Technology in Training for BAS Operators / / Scientific and Technical Gazette. – 2024. – 6 – C.69–74.

6 Altenbekov D.S. intellectual trainers And adaptive methods of training the OAS operators / / Science and Defence. – 2024. – No. 5. – C. 42 - 51.

7 Drone Technology Review 2024 // Aviation World Journal. – 2024. – № 2. – С. 33–45.

8 Simulation and Training for US Operations //Defence Technology Review. – 2023. – No. 9. – C. 22 - 29.

Ж.А. АШИРБЕКОВ, Ж.Г. СУЛТАНБЕКОВ, А.Т. АЛИБЕКОВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫННЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЕСЕП ҚҰРАМЫНДА ҰҰА ОПЕРАТОРЛАРЫН ДАЙЫНДАУ МОДЕЛІН ЕНГІЗУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан академиясы
Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында пилотсыз авиациялық жүйелердің (ПАЖ) операторларын даярлаудың және олардың жауынгерлік есептерінің әмбебап екі модульді моделін енгізу перспективалары қаралды.

Әлемдік әскери тәжірибе мен әскерлер қызметінің ерекшеліктері негізінде шағын (FPV-тип) және орта ҰҰА арналған, VR, 3D-баспа және бейнеағындарды ықпалдастыру элементтері бар теориялық, симуляторлық, практикалық және техникалық блоктарды қамтитын бейімделген сыныптар жүйесі ұсынылды. Бейбіт және соғыс уақытында нормаланған уақыт көлемдерімен есептеу мамандарын (командир, FPV операторы, оқ-дәрілер бойынша маман, барлаушы оператор) жеке және топтық даярлау әдістемесі әзірленді. 5573 әскери бөлімінде модельдің тиімділігі көрсетілді, оны оңтайландыру бойынша ұсынымдар, 2026 жылы жоспарланған барлық маусымдық оқу ангарын құруды қоса алғанда ұсынылады. Модель бөлімшелерде ҰҰА операторларын даярлаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру үшін.

Zh.A. ASHIRBEKOV, Zh.G. SULTANBEKOV, A.T. ALIBEKOV

PROSPECTS OF THE INTRODUCTION MODEL FOR THE TRAINING OF BLARS IN SMALL BONE CALCULATIONS IN THE NATIONAL GUARDS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Military unit 5573 of the National Guard of the Republic of Kazakhstan
National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan
Main command of National Guard of the Republic of Kazakhstan

The article examines the prospects for the introduction of a universal two-module training model for operators of unmanned aerial systems (UAVs) and their combat calculations in the National Guard of the Republic of Kazakhstan.

Based on world military experience and troop characteristics, an adapted class system for small (FPV type) and medium-sized drones has been proposed, including theoretical, simulation, practical and technical units with elements of VR, 3D seals and integration of video flows. A methodology has been developed for individual and group training of calculus specialists (commander, FPV operator, ammunition specialist, intelligence operator) with normalized time in peace and war. The model is shown to

be effective in military unit 5573 and offers recommendations for its optimization, including the establishment of a planned all-season training hangar in 2026. The model could serve as a model solution for the development of a unified training system for drone operators in units.

******

UDC 796.188
UDC 355.01

R.V. GRISHMANOV[1], R.D. BELYALOV[2]

[1] graduate student of Omsk state pedagogical university, lieutenant colonel, lecturer of the department of physical training and sports, academy of the National guard of the Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

[2] doctor of Philosophy PhD, Deputy Head of the Department of Military Pedagogy and Psychology of the Academy of the National Guard of the Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk, E - mail. konvoiBB@mail.ru.

THE SYSTEM OF IMPLEMENTATION OF THE DIDACTIC PROCESS ON PHYSICAL TRAINING AT THE UNIVERSITY

The modern system of higher education is undergoing continuous transformation under the influence of pedagogical innovations and competence-based approaches. These changes are especially significant in the field of physical training, where didactic organization determines not only the effectiveness of motor learning, but also the level of professional readiness of future specialists.

The didactic process in physical training is considered as an integral, dynamically developing system that ensures purposeful interaction between teaching and learning activities. The article substantiates the role of basic didactic principles and reveals their significance in the formation of physical, volitional and professional qualities of cadets in higher education institutions.

Keywords: *didactic process, physical training, educational system, higher education, motor learning.*

Physical training in higher education institutions functions as a complex pedagogical system that integrates educational goals, content, methods and results. Its effectiveness largely depends on the organization of the didactic process, which ensures the consistency and continuity of educational influence.

One of the fundamental characteristics of the didactic process is its orientation toward the active participation of cadets in learning activities. This is achieved through the implementation of a system of didactic principles that regulate both teaching and learning.

Consciousness and activity

The principle of consciousness presupposes the formation of a stable

motivational basis for physical training. Cadets must clearly understand the purpose of training tasks, the mechanisms of their influence on the body and their practical significance for future professional activity. Active involvement in the learning process contributes to the development of initiative, independence and the ability to consciously regulate one's own physical condition. According to L.P. Matveev, conscious motor activity significantly increases the stability and transferability of acquired skills to new conditions.

Visibility in motor learning

Visual support plays a decisive role in the formation of motor representations. Demonstration of exercises, modeling of movements, and the use of visual and auditory cues contribute to the integrity of perception and improve coordination accuracy. Research in motor learning theory confirms that multisensory involvement accelerates the process of skill acquisition and increases training efficiency (Lyakh V.I., Platonov V.N.).

Accessibility and individualization

The principle of accessibility requires strict correlation between training tasks and the functional capabilities of cadets. Physical loads should stimulate development without exceeding adaptive reserves. Individualization is expressed through differentiated load regulation, variation of exercises and pedagogical support methods. This approach allows achieving planned educational outcomes while maintaining health and training safety.

Consistency and progression

Systematic training is a necessary condition for sustainable adaptation. Irregular physical activity leads to regression of functional indicators and motor skills. Therefore, training sessions must be organized in a logical sequence, ensuring continuity of pedagogical influence. Progression implies a gradual increase in training requirements, complexity and intensity of exercises. According to V.N. Platonov, only progressive overload ensures long-term improvement of physical performance and functional readiness.

Didactic process as a system-forming element

The didactic process in physical training represents a long-term, purposefully organized interaction between teaching and learning activities. Unlike the lesson-based learning process, it reflects a broader pedagogical level, covering extended time intervals and ensuring continuity of educational outcomes. Its essence lies in the controlled transformation of cadets' readiness levels through consistent pedagogical influence. The teacher structures educational content and organizes conditions for its active assimilation, while cadets implement educational actions adequate to pedagogical tasks.

The didactic process integrates:

- educational content of physical training;
- motor activity as a means of development;
- cognitive, volitional and physical qualities;
- organizational forms and teaching methods.

Such integrity ensures the functionality and dynamic nature of the pedagogical

system.

Conclusion

The didactic process in physical training is a key component of the educational system of higher education institutions. Its purposeful, consistent and progressive organization ensures the effective formation of physical, volitional and professionally significant qualities of cadets. The implementation of didactic principles contributes to the achievement of educational goals and increases the overall effectiveness of physical training.

REFERENCES:

1 Matveev L.P. Theory and methodology of physical culture. Moscow: Sport, 2014.

2 Platonov V.N. Periodization of sports training. Kyiv: Olympic Literature, 2015.

3 Lyakh V.I. Motor abilities: diagnostics and development. Moscow: Akademiya, 2012.

4 Bompa T., Buzzichelli C. Periodization Training for Sports. Human Kinetics, 2019. (Scopus)

5 Issurin V.B. Training transfer in sports. Sports Medicine, 2013. (Scopus)

Р.В. ГРИШМАНОВ, Р.Д. БЕЛЯЛОВ

СИСТЕМА РЕАЛИЗАЦИИ ДИДАКТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА ПО ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ В УСЛОВИЯХ ВУЗА

Академия Национальной гвардии Республики Казахстан

Современная система высшего образования развивается в условиях постоянных инновационных преобразований, ориентированных на компетентностный и личностно-деятельностный подходы. Особую значимость данные изменения приобретают в сфере физической подготовки, где дидактическая организация учебного процесса определяет не только качество освоения двигательных действий, но и уровень профессиональной готовности будущих специалистов.

Дидактический процесс по физической подготовке рассматривается как целостная, динамично развивающаяся система, обеспечивающая целенаправленное взаимодействие обучающей и учебной деятельности. В статье обоснована роль основных дидактических принципов и раскрыто их значение в формировании физических, волевых и профессионально значимых качеств курсантов в условиях ВУЗа.

Р.В. ГРИШМАНОВ, Р.Д. БЕЛЯЛОВ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІ ІСКЕ АСЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан академиясы

Қазіргі жоғары білім беру жүйесі құзыреттілікке және тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілге негізделген педагогикалық инновациялардың ықпалымен үздіксіз дамып келеді. Бұл өзгерістер дене дайындығы саласында ерекше маңызға ие, өйткені оқу үдерісінің дидактикалық ұйымдастырылуы қозғалыс әрекеттерін меңгеру сапасын ғана емес, болашақ мамандардың кәсіби даярлық деңгейін де айқындайды.

Дене дайындығы бойынша дидактикалық үдеріс оқыту мен оқу әрекеттерінің мақсатты өзара әрекетін қамтамасыз ететін тұтас әрі динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Мақалада негізгі дидактикалық қағидалардың рөлі негізделіп, олардың жоғары оқу орны жағдайында курсанттардың дене, ерік-жігер және кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы ашып көрсетіледі.

******

ӘОЖ 355.72
ҒТАХР 76.35.31/76.01.11

К.Т. ДАРКУЛОВ[1] , Д.Р. АШИРБЕКОВ[2]

[1] Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ, медицина қызметінің полковнигі. E-mail: darkulovk1972@gmail.com

[2] Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ, медицина қызметінің майоры. E-mail: doktordairbek@gmail.com

ЖАС ӘСКЕРИ-МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ БОЙЫНДА АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛДАРЫ

Бұл мақалада жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың негізгі педагогикалық және ұйымдастырушылық құралдары қарастырылады. Қазіргі қауіпсіздік жағдайында әскери қызметшілердің кәсіби дайындығымен қатар олардың азаматтық жауапкершілігі мен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Зерттеу барысында әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық негіздері, Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ әскери білім беру тәжірибесі талданды. Жұмыста әскери дәстүрлерді насихаттау, тарихи-танымдық тәрбие, әскери-кәсіби дайындықпен интеграцияланған патриоттық тәрбиенің рөлі анықталды. Сонымен қатар жас әскери-медициналық қызметшілерді тәрбиелеуде әскери ұжымның ықпалы, әскери ант пен әскери қызметтің моральдық құндылықтарының маңызы көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың тиімді құралдары ретінде тарихи сана қалыптастыру, кәсіби-патриоттық мотивацияны дамыту, әскери дәстүрлерді

сақтау және әскери-медициналық қызметтің гуманистік миссиясын түсіндіру ұсынылды.

Түйінді сөздер: *әскери медицина, патриоттық тәрбие, азаматтық көзқарас, әскери қызметші, әскери-патриоттық тәрбие, кәсіби тәрбие, әскери дәстүр.*

Кіріспе. Қазіргі геосаяси жағдайдың күрделенуі және халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі өзгерістер мемлекеттердің қорғаныс қабілетін нығайтумен қатар әскери кадрларды тәрбиелеу жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Әсіресе әскери қызметшілердің кәсіби даярлығы мен моральдық-психологиялық тұрақтылығы ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторларының бірі болып саналады. Осы тұрғыда жас әскери қызметшілердің бойында азаматтық жауапкершілік пен патриоттық көзқарасты қалыптастыру мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатында жастарды патриоттық тәрбиелеу қоғамның тұрақты дамуы мен ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды шарты ретінде айқындалған. Патриоттық тәрбие азаматтардың тарихи санасын қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды құрметтеуді, сондай-ақ Отанды қорғауға дайындықты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі әлеуметтік-педагогикалық үдеріс болып табылады.

Әскери қызмет жағдайында патриоттық тәрбие ерекше маңызға ие, себебі әскери қызметші мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Әскери ортада қалыптасатын тәртіп, жауапкершілік, ұжымдық өзара қолдау және әскери антқа адалдық сияқты құндылықтар әскери қызметшінің азаматтық позициясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әскери медицина саласында қызмет атқаратын мамандардың қызметі ерекше жауапкершілікпен сипатталады. Олар тек медициналық көмек көрсетумен ғана шектелмей, сонымен қатар әскери ұжымның моральдық-психологиялық тұрақтылығын сақтауға және әскери қызметшілердің өмірін қорғауға бағытталған гуманистік миссияны орындайды. Сондықтан әскери-медициналық қызметшілердің кәсіби дайындығы олардың азаматтық-патриоттық көзқарасымен тығыз байланысты болуы тиіс. Әскери медицина мамандары үшін патриотизм тек идеялық құндылық қана емес, сонымен қатар әскери қызметшілердің өмірін сақтау мен әскери міндетті адал орындаудың моральдық негізі болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, әскери-патриоттық тәрбие әскери қызметшілердің кәсіби мотивациясын арттыруға, әскери қызметке деген жауапкершілік сезімін күшейтуге және ұжымдық бірлікті нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесі мемлекеттік органдардың, әскери құрылымдардың және білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы жұмыстардың маңызды құрамдас бөліктеріне әскери тарихты насихаттау, әскери дәстүрлерді сақтау, әскери-патриоттық клубтар мен жастар ұйымдарының

қызметі жатады. Сарапшылардың деректеріне сәйкес, Қазақстанда жастарды патриоттық тәрбиелеуге бағытталған мыңдаған ұйымдар мен клубтар жұмыс істейді және олар әскери-патриоттық тәрбие жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі заманғы әскери білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие кәсіби даярлықпен интеграцияланған кешенді үдеріс ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл әскери қызметшілердің кәсіби құзыреттерін ғана емес, сонымен қатар олардың азаматтық санасын, ұлттық құндылықтарға деген құрметін және әскери борышқа адалдық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың тиімді құралдарын анықтау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені зерттеу әскери-медициналық қызметтің кәсіби тиімділігін арттыруға, әскери ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайтуға және әскери қызметшілердің азаматтық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты. Жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың тиімді құралдарын ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері

1)Әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық негіздерін талдау.

2)Қазақстан Республикасындағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесінің ерекшеліктерін анықтау.

3)Жас әскери-медициналық қызметшілерді тәрбиелеуде қолданылатын тиімді әдістерді айқындау.

4)Азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың практикалық ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында ғылыми-теориялық талдау, салыстырмалы талдау, құжаттарды сараптау және педагогикалық бақылау әдістері қолданылды.

Материал ретінде Қазақстан Республикасының әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі нормативтік құжаттары, ғылыми мақалалар және әскери білім беру саласындағы зерттеулер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижесі және оларды талқылау.

Зерттеу барысында жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастыру жүйесі көпқырлы әлеуметтік-педагогикалық үдеріс екендігі анықталды. Зерттеу міндеттеріне сәйкес жүргізілген талдау әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық негіздерін, Қазақстан Республикасындағы патриоттық тәрбие жүйесінің ерекшеліктерін және оны әскери-медициналық даярлық жүйесіне енгізудің тиімді құралдарын айқындауға мүмкіндік берді.

1. Әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық негіздерін талдау.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде патриоттық тәрбие тұлғаның азаматтық санасын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылатыны анықталды. Патриоттық тәрбие ұлттық тарихты, мәдениетті және мемлекеттік құндылықтарды құрметтеу арқылы тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталады [2].

Әскери ортада патриоттық тәрбие ерекше мазмұнға ие болады. Себебі әскери қызметшілердің қызметі мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етумен және Отанды қорғаумен тікелей байланысты. Зерттеушілердің пікірінше, әскери-патриоттық тәрбие әскери қызметшінің кәсіби дайындығын, моральдық тұрақтылығын және әскери борышқа адалдығын қалыптастыратын кешенді педагогикалық жүйе болып табылады.

Жүргізілген талдау әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі компоненттері мыналар екенін көрсетті:

–азаматтық жауапкершілік;

–ұлттық құндылықтарға құрмет;

–әскери борышқа адалдық;

–кәсіби мораль;

–әскери дәстүрлерді сақтау.

Бұл компоненттер жас әскери-медициналық қызметшілердің кәсіби қызметіне тікелей әсер етеді, себебі олардың қызметі әскери қызметшілердің өмірін сақтаумен және әскери бөлімдердің жауынгерлік қабілетін қолдаумен байланысты.

2. Қазақстан Республикасындағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесінің ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасында жастарды патриоттық тәрбиелеу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидалары мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді [3].

Аталған құжатқа сәйкес әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

–жастардың тарихи санасын қалыптастыру;

–әскери дәстүрлерді насихаттау;

–әскери қызметтің беделін арттыру;

–жастарды әскери қызметке даярлау.

Сараптамалық мәліметтерге сәйкес Қазақстанда әскери-патриоттық тәрбие бағытында көптеген жастар ұйымдары мен әскери-патриоттық клубтар жұмыс істейді. Бұл ұйымдар жастар арасында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға және әскери қызметтің маңызын түсіндіруге ықпал етеді [4].

Әскери білім беру ұйымдары мен әскери бөлімдерде патриоттық тәрбие жүйесі әскери дайындықпен бірге жүзеге асырылады. Бұл тәсіл әскери қызметшілердің кәсіби және азаматтық қасиеттерін қатар дамытуға мүмкіндік береді.

3. Жас әскери-медициналық қызметшілерді тәрбиелеудің тиімді құралдары.

Зерттеу нәтижелері жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастыру бірнеше негізгі құралдар арқылы жүзеге асатынын көрсетті.

1) Тарихи-патриоттық тәрбие.

Әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды құралдарының бірі – тарихи сананы қалыптастыру. Ұлттық тарихты, әскери ерлік дәстүрлерін және тарихи тұлғалардың қызметін зерттеу жас әскери қызметшілердің Отанға деген құрметін және азаматтық жауапкершілігін нығайтады.

Тарихи тәжірибені меңгеру әскери қызметшілердің әскери борышты орындауға деген моральдық дайындығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әсіресе әскери медицина тарихын оқыту жас әскери-медициналық қызметшілерге өз мамандығының қоғамдағы және әскери құрылымдағы маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулерде тарихи-патриоттық тәрбиенің жастардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға және олардың азаматтық санасын дамытуға оң әсер ететіні көрсетілген.

2) Әскери ұжымның тәрбиелік ықпалы. Әскери ұжым әскери қызметшінің тұлғалық қалыптасуына әсер ететін маңызды әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Әскери ұжымда қалыптасатын тәртіп, жауапкершілік және өзара қолдау әскери қызметшілердің азаматтық және кәсіби қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әскери қызмет жағдайында ұжымдық жауапкершілік, әскери антқа адалдық және әскери тәртіп сияқты құндылықтар әскери қызметшінің күнделікті қызметінде тұрақты түрде қалыптасады. Мұндай әлеуметтік орта жас әскери қызметшілердің азаматтық позициясын нығайтуға және олардың кәсіби міндеттерді адал орындауына ықпал етеді.

Әсіресе әскери-медициналық қызметшілер үшін ұжымдық өзара әрекеттесу ерекше маңызды. Себебі әскери медицина қызметі көбінесе командалық жұмысқа негізделеді. Медициналық персоналдың үйлесімді жұмысы әскери қызметшілердің өмірін сақтауда шешуші рөл атқарады. [5].

3) Кәсіби-патриоттық мотивация.

Жас әскери-медициналық қызметшілердің азаматтық-патриоттық көзқарасын қалыптастыруда кәсіби мотивация маңызды рөл атқарады. Әскери медицина қызметкерлерінің негізгі міндеті – әскери қызметшілердің өмірін сақтау және олардың денсаулығын қорғау. Сондықтан олардың кәсіби қызметін патриоттық құндылықтармен байланыстыру тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттырады.

Әскери медицина қызметі гуманистік сипатқа ие. Бұл қызмет адамның өмірін сақтауға бағытталғандықтан, әскери-медициналық қызметшілердің кәсіби қызметі патриоттық және гуманистік құндылықтардың үйлесіміне негізделеді. Мұндай тәсіл әскери медицина мамандарының кәсіби

жауапкершілігін және әскери қызметке деген адалдығын арттыруға мүмкіндік береді.

4) Әскери дайындық пен патриоттық тәрбиені интеграциялау.

Зерттеу нәтижелері әскери-патриоттық тәрбиені кәсіби дайындықпен біріктіру ең тиімді әдістердің бірі екенін көрсетті. Бұл тәсіл әскери қызметшілердің теориялық білімін, практикалық дағдыларын және азаматтық жауапкершілігін қатар дамытуға мүмкіндік береді [6].

4. Азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастырудың практикалық ұсыныстары.

Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастыруды жетілдіру үшін келесі практикалық ұсыныстар ұсынылады:

–әскери медицина тарихын оқу бағдарламасына енгізу;

–әскери-патриоттық тәрбиені әскери-медициналық дайындықпен интеграциялау;

–әскери бөлімдерде тарихи-патриоттық іс-шараларды жүйелі түрде өткізу;

–әскери-медициналық қызметтің гуманистік миссиясын насихаттау;

–әскери дәстүрлер мен әскери анттың тәрбиелік рөлін күшейту.

Бұл шаралар жас әскери-медициналық қызметшілердің кәсіби жауапкершілігін арттыруға, әскери қызметке деген мотивациясын күшейтуге және олардың азаматтық-патриоттық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әскери дәстүрлер мен әскери анттың тәрбиелік маңызы. Әскери дәстүрлер әскери қызметшілердің патриоттық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әскери ант, әскери рәсімдер және әскери дәстүрлер әскери қызметшілердің Отан алдындағы жауапкершілігін нығайтады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери ант әскери қызметшінің мемлекетке адалдығын және әскери борышты орындауға дайын екенін білдіретін маңызды моральдық-құқықтық құжат болып табылады [7].

Әскери анттың мазмұны әскери қызметшінің мемлекетке адалдығын, әскери тәртіпті сақтауын және әскери міндеттерді адал орындауын талап етеді. Сондықтан әскери ант жас әскери қызметшілердің азаматтық-патриоттық көзқарасын қалыптастырудың маңызды идеологиялық негіздерінің бірі болып саналады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жас әскери-медициналық қызметшілердің бойында азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастыру қазіргі әскери білім беру және тәрбиелеу жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Қазіргі қауіпсіздік жағдайында әскери қызметшілердің кәсіби даярлығымен қатар олардың азаматтық жауапкершілігі, моральдық тұрақтылығы және Отан алдындағы борышты адал орындауға дайын болуы ерекше маңызға ие.

Әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық негіздері талданды. Ғылыми әдебиеттерді сараптау нәтижесінде патриоттық тәрбие тұлғаның азаматтық санасын, ұлттық құндылықтарға құрметін және мемлекет алдындағы

жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді әлеуметтік-педагогикалық үдеріс екендігі анықталды. Әскери ортада бұл тәрбие әскери борышқа адалдық, әскери антқа беріктік және кәсіби жауапкершілік сияқты құндылықтар арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасындағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесінің ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бұл жүйенің мемлекеттік саясат деңгейінде жүзеге асырылатынын және оның білім беру ұйымдары, әскери құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың өзара әрекеттестігі арқылы іске асырылатынын көрсетті. Қазақстандағы әскери-патриоттық тәрбие ұлттық тарихты, әскери дәстүрлерді және азаматтық жауапкершілікті насихаттауға негізделген кешенді жүйе болып табылады.

Жас әскери-медициналық қызметшілердің азаматтық-патриоттық көзқарасын қалыптастырудың тиімді құралдары анықталды. Зерттеу нәтижелері тарихи-патриоттық білім беру, әскери ұжымның тәрбиелік ықпалы, кәсіби-патриоттық мотивация және патриоттық тәрбиені әскери-кәсіби даярлықпен интеграциялау сияқты факторлардың маңызды екенін көрсетті. Әсіресе әскери медицина саласында қызмет атқаратын мамандар үшін кәсіби жауапкершілік пен гуманистік құндылықтардың үйлесімі патриоттық тәрбиенің маңызды негіздерінің бірі болып табылады.

Азаматтық-патриоттық көзқарасты қалыптастыруды жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда, әскери медицина тарихын оқу бағдарламасына енгізу, патриоттық тәрбиені әскери-медициналық дайындықпен интеграциялау, әскери-патриоттық іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру, әскери-медициналық қызметтің гуманистік миссиясын насихаттау және әскери дәстүрлер мен әскери анттың тәрбиелік рөлін күшейту ұсынылды.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу жас әскери-медициналық қызметшілердің азаматтық-патриоттық көзқарасын қалыптастыру жүйелі және кешенді ұйымдастырылған жағдайда ғана жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатынын көрсетті. Әскери білім беру жүйесінде патриоттық тәрбиені кәсіби даярлықпен үйлестіру әскери қызметшілердің азаматтық жауапкершілігін, кәсіби адалдығын және Отанға қызмет етуге дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар әскери-медициналық қызметшілерді даярлау жүйесін жетілдіруге, олардың азаматтық-патриоттық санасын қалыптастыруға және әскери қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидаларын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. – Астана, 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000597

2 Kenjebekova A., Igibaeva A. Patriotic education of youth in Kazakhstan // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогика сериясы. – Алматы, 2019. – 120 б. – PDF: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/2720/2588/5209

3 Tolen Z. Formation of Civil and Patriotic Education of Youth in Kazakhstan // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 116. – P. 312–318. – PDF: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814010556/pdf

4 The Astana Times. Kazakh President Outlines Defense Sector Priorities. – Astana, 2023. – URL: https://astanatimes.com/2023/05/kazakh-president-outlines-defense-sector-priorities/

5 Райымбек А. Әскери-патриоттық тәрбиенің мазмұны мен ерекшеліктері. – Түркістан : Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2021. – 50 б. – PDF: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1644808

6 Kazakh National Pedagogical University. Military-patriotic education in higher education institutions. – Алматы, 2025. – PDF: https://kaznpu.kz/docs/docs/2025ced/kz/701401.pdf

7 Қазақстан Республикасы. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы : Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2012. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561

REFERENCES:

1 Qazaqstan Respublikasy` Ykimeti. Azamattardy` əskeri-patriotty`q tərbieleu qağidalary`n bekitu turaly` : Qazaqstan Respublikasy` Ykimetinің qauly`sy`. – Astana, 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000597

2 Kenjebekova A., Igibaeva A. Patriotic education of youth in Kazakhstan // ҚazҰU xabarshy`sy`. Pedagogika seriyasy`. – Almaty`, 2019. – 120 b. – PDF: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/2720/2588/5209

3 Tolen Z. Formation of Civil and Patriotic Education of Youth in Kazakhstan // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 116. – P. 312–318. – PDF: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814010556/pdf

4 The Astana Times. Kazakh President Outlines Defense Sector Priorities. – Astana, 2023. – URL: https://astanatimes.com/2023/05/kazakh-president-outlines-defense-sector-priorities/

5 Rajy`mbek A. Əskeri-patriotty`q tərbienің mazmұny` men erekshelikteri. – Tүrkistan : Q.A. Yasaui aty`ndağy` XQTU, 2021. – 50 b. – PDF: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1644808

6 Kazakh National Pedagogical University. Military-patriotic education in higher education institutions. – Almaty`, 2025. – PDF: https://kaznpu.kz/docs/docs/2025ced/kz/701401.pdf

7 Qazaqstan Respublikasy`. Əskeri qy`zmet zhəne əskeri qy`zmetshilerdің mərtebesi turaly` : Qazaqstan Respublikasy`ny`ң Zaңy`. – Astana, 2012. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561

К.Т.ДАРКУЛОВ, Д.Р.АШИРБЕКОВ

ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ОТНОШЕНИЯ У МОЛОДЫХ ВОЕННО-МЕДИЦИНСКИХ СЛУЖАЩИХ

Национальный университет обороны Республики Казахстан

В данной статье рассматриваются основные педагогические и организационные инструменты формирования гражданско-патриотического отношения у молодых военнослужащих. В современных условиях безопасности наряду с профессиональной подготовкой военнослужащих важной задачей является формирование их гражданской ответственности и патриотических качеств. В ходе исследования были проанализированы теоретические основы военно-патриотического воспитания, нормативно-правовые документы в Республике Казахстан, а также опыт военного образования. В работе определена роль патриотического воспитания, интегрированного с пропагандой военных традиций, историко-познавательного воспитания, военно-профессиональной подготовки. Также было отмечено влияние военного коллектива на воспитание молодых военнослужащих, значение военной присяги и моральных ценностей воинской службы. В результате исследования было предложено в качестве эффективных инструментов формирования гражданско-патриотического отношения сформировать историческое сознание, развить профессионально-патриотическую мотивацию, сохранить военные традиции и разъяснить гуманистическую миссию военно-медицинской службы.

K.T. DARKULOV, D.R. ASHIRBEKOV

EFFECTIVE TOOLS FOR FORMING CIVIL-PATRIOTIC RELATIONS AMONG YOUNG MILITARY MEDICAL OFFICERS

National Defense University of the Republic of Kazakhstan

This article discusses the main pedagogical and organizational tools for the formation of civil-patriotic attitudes among young military personnel. In modern security conditions, along with the professional training of military personnel, an important task is the formation of their civil responsibility and patriotic qualities. In the course of the study, the theoretical foundations of military-patriotic education, regulatory documents in the Republic of Kazakhstan, as well as the experience of military education were analyzed. The work defines the role of patriotic education, integrated with the promotion of military traditions, historical and educational education, military professional training. The influence of the military team on the upbringing of young servicemen, the importance of the military oath and the moral values of military service was also noted. As a result of the study, it was proposed as effective tools for the formation of a civil-patriotic attitude to form a historical consciousness, develop professional-patriotic motivation, preserve military traditions and clarify the humanistic mission of the military medical service.

УДК 37.013:37.018

Г.С. ИМАЖАНОВА[1], **А.Е. САДЫКОВА**[2]

[1] педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: imazhanova.gulmira@mail.ru;

[2] Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығының орынбасары, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы, email: a.k.a/diamond mc@mail.ru.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОО-дағы ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ: КУРСАНТТАРДЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУШЫ СТИЛІНІҢ РӨЛІ

Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесінің ведомстволық жоғары оқу орындарындағы оқытушының педагогикалық қарым-қатынасының ерекшеліктері және оның курсанттардың тәрбиесі мен мотивацияларына әсері қарастырылады. Педагогикалық стильді түсінудің теориялық тәсілдері талданады, ведомстволық білім беру жағдайында оның құрылымдық компоненттерін анықтайды және білім алушылардың кәсіби дайындығы процесінде педагогикалық өзара әрекеттесуді оңтайландырудың практикалық маңыздылығы негізделеді.

Түйінді сөздер: *педагогикалық стиль, ведомстволық білім, тәртіп, мотивация, педагогикалық ықпал, курсанттар, ішкі істер органдары.*

